



● АРДАГЕРЛЕР – АБЗАЛ ЖАНДАР

Әулет абыройы

Қымбат
ДОСЖАНОВА

"Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер" деген мақал бар емес пе. Бұл аталы сөз суреттегі қария Паңкерей Берденовтың әулетіне арналып дәл айтылған ба дерсіз. Себебі, сексен жастағы атайдың өзі де, балалары да, тіпті келіндері мен немерелері де теміржол саласының жұмысшылары. Ақсақал теміржол саласында табаны күректей қырық үш жыл еңбек еткен. Артынан ерген он бір баласы да осы саланы таңдап, әке жолын жалғады. Ал бүгінде жеті ұлынан тараған немерелері құрыш жолдың бойында жұмыс істеп жүр. Ұрпақ сабақтастығы деген осы шығар.

2-бет



"Ата" қоғамдық қорының басшысы Марат Қабдысалықов еңбек ардагері Паңкерей Берденовты марапаттауда

Суретті түсірген Айбек ЖУЗБАЙ.

Баспасөз — 2016

Газет аптасына үш рет: сейсенбі, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Сейсенбі, сәрсенбі күндері 12 беттен, жұмада екі рет 16 бет, екі рет "Ақшам" қосымшасымен 24 бет болып шығады. Сәрсенбі, жұма күндері басылым түрлі-түсті болып басылады.

"Қостанай таңы" газетіне жазылу бағасы:

- кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін:
- 1 жылға — 5000 теңге, 6 айға — 2500 теңге.
- жеке оқырмандарға:
- 1 жылға — 4200 теңге, 6 айға — 2100 теңге.
- Ұлы Отан соғысы ардагерлері үшін:
- 1 жылға — 3900 теңге, 6 айға — 1950 теңге.

"Қостанай таңы" газетіне "Қаз-



пошта" бөлімшелерінде және аймақтық "Костанайские новости" газеті редакциясының баспасөз тарту қызметінде жазыла аласыз.

Қостанай қаласы бойынша газеттің индексі:

— жеке оқырмандар үшін — 54626

— зейнеткерлер мен Ұлы Отан

соғысына қатысушылар үшін — 54627

— кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін — 54625

Лисаков, Арқалық, Жітіқара, Рудный қалалары бойынша газеттің индексі:

— жеке оқырмандар үшін — 54679

— зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін — 54680

— кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін — 54678

Селопық жердегі жазылушылар үшін газеттің индексі:

— жеке оқырмандар үшін — 54752

— зейнеткерлер мен Ұлы Отан соғысына қатысушылар үшін — 54753

— кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үшін — 54751.

Ауыл шаруашылығы өндірушілерінің, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері және кәсіподақ ұйымдары басшыларының назарына!

«Сосновий бор» шипажайы

2016 жылдың 28 ақпанына дейін жыл сайынғы «Алтын масақ» акциясын өткізеді - 80 000 теңгеден он күндік жолдамалар.

15 санаторлық-курорттық жолдаманы сатып алған кәсіпорындарға **БОНУС** ретінде (төлемсіз) жартылай люкс нөмірінде тұрумен екі он күндік жолдама, 10 жолдама алғандарға - стандарт нөмірінде тұрумен екі он күндік жолдама ұсынылады.

Анықтама: 8-714-45-49-010, 3-33-10, факс: 3-33-07
e-mail: sosnov-bor@mail.ru

профилаторий
Джайлау
Номера класса «Люкс»

НОЯБРЬ

ЛЕЧЕНИЕ:

- нервной системы
- бронхо-легочной системы
- сердечно-сосудистой системы
- опорно-двигательного аппарата
- желудочно-кишечного тракта

Путевка ПЕНСИОНЕРАМ - 6700 тг

www.jailau.kz

Тел.: 522 101, 56 24 71.

ЦЕСНАБАНК
БҮГІН. ӘРҚАШАН. • СЕГОДНЯ. НАВСЕГДА.

ЕВРОМОНЕТА 2014

ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫ
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
ФИНАНСОВЫЙ ЦЕНТР

«ЦЕСНА-БОЛАШАҚ» ДЕПОЗИТІ
Сіздің балаларыңыздың білім алуына тиімді салым!

*Банктің сыйақысы жылдық **10,5% + 7%**

Мемлекеттің қосымша сыйлықақысы жылдық **7%**-ға дейін!

Білім алу үшін ақша жинақтауды Цеснабанкпен бірге қазірден бастаңыз!

** жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі

ТЕГІН ТЕЛЕФОН ШАЛҒЫҢЫЗДАР
8 800 080 2525

7711 ҚОҢЫРАУ
СОҒУ ТЕГІН

www.tsb.kz

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің 2014 жылғы 08 қыркүйекте берілген № 1.2.74/74/29 лицензиясы.

● БАС РЕДАКТОР ӘЛЕМІ

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ

Қаладағы көше бойындағы қабатты тұрғын үйлердің алдыңғы жағынан қарасаңыз, жылтырап жұтынып тұр, ал арт жағына барсаңыз, көңіліңіз құлазып сала береді...

..Бір құдалықта көрдік. Құда сымдай тартылған сұңғақ, атжақты, қалың шашты сымбатты жігіт екен.



ШЫНДЫҚ

Сөйлесе, сыр тарта келе, белгілі болды: "Сымбатында сын жоқ, ішкі сарайында дым жоқ" біреу.

Бір жігіт анасының туған күніне жақсы бір сыйлық таңдап берсін деп әйеліне айтқанда, жары қуанып кетіп әмбебап дүкенге бастап келеді. Дүкен аралап жүріп қызғаныштан ішіне пышақ айнамайтын әйелі ең бір арзан дүниені таңдайды. Күйеуі әйел таңдаған сыйлықтың сыртын әдемілеп безендіріп, қаптатып үйіне алып кетеді. Кешкілік сол сыйлықты ол әйеліне сыйлап тұрып: "Ең қымбат жанға қандай таңдау жасасаң, сен өзің үшін де сондай таңдау жасады деп ойлады", — депті. Әйелі тілі байланып, өкініш уытынан сазарып-безеріп қалады.

Шындық — кейде сұмдық, кейде ғажап. Шындық — кейде ащы, кейде тәтті. Шындық — өзіне тас лақтырғандарға да күледі. Ал енді осы заманымыздың шындығы қалай өзі?

Айтпақшы, еске түсті:

Шындықтың үсті-басы кір-қожалақ, әбден ұсқыннан ұсқын қалмаған тыр жалаңаш кейпін көрген сайын жұрттың жүрегі айнып теріс айналып кетеді екен. Оны үйге кіргізбек тұрмақ, есігінен сығалатпайды да. Күндердің күні Шындық әбден мұңайып, жүдеп жүргенде көшеде үстінде әдемі көйлегі бар, жүзі

бұл-бұл жайнаған Әфсанаға кездесіп қалады. Әфсана:

— Сен неге жалаңаш жүресің, көңіл-күйің жоқ қой? — депті.

Шындық басын салбыратып, мұңайған жүзімен:

— Сіңілім, менің көрген күнім — күн емес. Ортада сүйкім кеткен, қадірім қашқан. Қартайдым, күйім төмен әрі бақытсызбын. Сондықтан жұрт менен әзірейлі көргендей аулақ жүреді.

— Мүмкін емес, — деді, Әфсана, — сені көрі болғаның үшін жұрт саған қарамайды дегенге сенбеймін. Мені қарашы, мен тіпті сенен де көрімін. Бірақ жасым келген сайын мені жұрт көбірек іздейді. Саған оның құпиясын айтайын: жұрт тым қарапайым, тым ашық нәрсені жақтырмайды. Олар сәл де болса жабық әрі сәнденгенді ұнатады. Кел, мен саған өзімнің бірнеше сұлу көйлектерімді бере тұрайын. Соны ки, содан кейін жұрт сені жақсы көретін болады. Сен сонда оны тез ақ білесің, — дейді жымыңдап. Шындық оған құлақ асып келіседі. Әфсананың әсем көйлектерін киді. Сол ақ екен, сұп-сұлу болып жайнап шыға келген Шындықты адамдар күлімдеп қарсы алатын болды. Содан бері Шындық пен Әфсананың жұптары жазылмай бірге жүреді екен...

Әулет абыройы

1-бет

Паңкерей Берденов Қостанай облысы, Семиозер ауданы, Миялы ауылдық кеңесі, Қызылқайың ауылында туып өскен. Соғыс басталған жылы 12 жаста еді. Сондықтан тылдағы еңбекке араласты. Үш жарым жыл өскерде болған. 1964 жылы Ақмоладағы техникумға оқуға түсіп, кейін Құсмұрында, Обаған станциясында жұмыс істеді. Бір орында тапжылмай еңбек етіп, зейнеткерлікке шығу да үлкен абырой шығар.

Зейнеткерлікке шыққан соң ортаншы ұлы Әділхан мен көліні Жаңагүл қалаға көшіріп, қолдарына алды. Содан бері он жыл уақыт өтіпті. Жұбайы Қазизамен 56 жыл бойы қол ұстасып, жұбын жазбай бірге келеді.

Қазір Қостанай шаһарының тұрғыны. Қаланың тірлігінен тыс қалып, үйде отырған атай жоқ. Ол Марат Қабыдсалықов басқаратын "Ата" қоғамдық қорының белді мүшесі. Қоғамдық қор ұйымдастыратын іс-шаралардың біреуінен де қалмай, атсалысып отырады. Тылдағы еңбегі және еңбек ардагерлері арасындағы белсенділігі үшін жуырда "Ата" қоғамдық қорының арнайы медалімен марапатталды да.

— Қалаға көшіп келгені бері "Ата" қоғамдық қорының ұйымдастырған іс-шараларынан қалмаймын. Мұндағы қариялар жинала қалсақ мәре-сәре болып, әңгіме-дүкен құрамыз. Қарт көңілге замандастармен кездесіп, шер тарқатысқаннан артық не бар? — дейді Паңкерей Берденов.

Ол сөз соңында Марат інісін жақында ғана алған "Алтынсарин ауданының құрметті азаматы" атағымен әкелік мейіріммен құттықтады.

● БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

Іркіліс жоқ, ілгерілеу бар

Жандос ЖҮСІПБЕК

Сарыкөл ауданының әкімі Э.Күзенбаев облыстық БАҚ тілшілерімен кездесіп, ауданның ағымдағы жылдың соңғы тоғыз айдағы әлеуметтік-экономикалық даму ахуалымен таныстырды.

Аудан өнеркәсіп өндірісі көлемі жөнінен аудан-қалалар арасында 10-орында тұр. Биыл 2 млрд.475 млн. теңгенің өнімін шығарған. Физикалық көлем индексі 109,5 пайызға тең. Негізінен, бұл өлке экономикасының басым үлесін ауылшаруашылық саласы құрайды. Осы жылдың қыркүйек айына дейінгі есеп бойынша, аталған салаға қатысты, ұзын саны, 4 млрд. 785 млн.теңгенің инвестициясы тартылған.

— Жекелей тоқталғанда, ауданда мал шаруашылығының дамуына "Сыбаға", "Алтын асық", "Құлан" мемлекеттік бағдарламаларының ықпалы көп тиді. Өріс 1045 бас ІҚМ-мен толықты. Ет өндірісі де көңіл көншітеді. "Крыловское", "Златоуст", "Каз-ПроИнвест" серіктестіктері герефорд және қазақтың ақбас сиырын өсірумен қоса, ет өндірісі жөнінен көш бастап тұр, — дейді Э.Күзенбаев.

Жеделдетілген индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы да, белсенділік баяулау болса да, көш соңында емес. Қазіргі таңға дейін индустрияландыру картасына 1 млрд.324 млн. теңгенің 4 жобасы ілкікен. Төртеуі де — мал шаруашылығы бағытында. Мәселен, "Сорочинское", "Арыстан ПК" ЖШС-тері, Янков жеке кәсіпкерлігі жалпылай айтқанда жыл басынан бері 497,7 млн. теңгенің өнімін



шығарған. Аталмыш кәсіпорындар 75 жергілікті тұрғынның екі қолына бір күрек тауып берді. Индустрияландыру картасынан тыс тағы 10 жоба іске қосылған. Олардың жүзеге асырылуына 573 млн. теңге жұмсалған.

Әлеуметтік саланың да сынға ілігерлік қыры көрінбейді. Білім саласын дамытуға қашаннан басымдық беріліп келеді. 2015 жылғы сала бюджеті 1 млрд. 373 млн. теңгені құрады. Жұмылдырылған күш мектепке дейінгі ұйымдар жүйесін кеңейтуге, "Балапан" бағдарламасын іске асыруға, міндетті жалпы орта білім беруді қамтамасыз етуге, қосымша білім беруді дамытуға бағытталған.

Қазіргі уақытта ТКШ басты назарда ұсталып отыр. Қыс тақаған кезеңде жергілікті халықты, мекемелерді отынмен қамсыздандыру — кезек күттірмейтін мәселе. Э.Күзенбаев бұл турасындағы түйткілдер де оңтайлы шешімін тапқанын айтты. 12,7 мың тонна көмір дайындалған. Білім беру саласының 33 нысанының, денсаулық сақтау саласының 28 нысанының және екі көппәтерлі тұрғын үйдің электр желілері, жылу құбырлары толықтай жөндеуден өткізілген. Ауданға қарасты елді мекендерді орталықтандырылған ауыз сумен қамту 84 пайызды құрайды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғассыз қалмайды.

Баяндамада сөз етілген салалар тілшілердің сұрақтар қоюы арқылы кеңірек талданды.

СУРЕТТЕ: Сарыкөл ауданының әкімі Э.Күзенбаев
Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.

● БҮГІНГІ КҮННІҢ БҮЛКІЛІ

Салық түспей — бюджет бүтінделмейді

Шұға ҚОҢҚАБАЙ

Өңіріміздің ірі өндірістері арасында төменгі көрсеткішпен салық төлеп отырғандары аз емес. Үстіміздегі жылдың 9 айында бюджеттен 11 млрд. теңге алып, мемлекетке кіріс кіргізуге қауқарлық танытпай жүрген 9 кәсіпорын анықталды. Былтырғы жылы да 24 млрд. теңге көлемінде ірі қаражатқа ие болған 11 бизнес ұжымы салық қайтарымын 5 пайызға ғана орындаған. Сәрсенбі күні аймақ басшысы Архимед Мұхамбетовтың төрағалығымен өткен жиында Қостанай облысы бойынша мемлекеттік кіріс департаментінің басшысы Айбек Паяев осындай мәлімет көлтірді. Бюджеттің кіріс бөлігін толықтыру мәселесі талқыланған жиынға облыс әкімінің орынбасары, аудан-қала әкімдері, құзырлы органдар, басқарма-департаменттердің жетекшілері, екінші деңгейлі банк директорлары, кәсіпкерлер қатысты.

Айбек Паяев келтірген дерекке сәйкес, үстіміздегі жыл басынан бергі тоғыз айдың қорытындысы бойынша мемлекеттік бюджет 73 млрд. теңгеге толығып, 98% жеткен. Жергілікті бюджет 1 млрд. теңгеге артығымен орындалыпты. Республикалық бюджет 3 млрд. теңгеге толықпағандықтан, қаржы дефициті 1,5 млрд. теңгені құраған.

— Мұның барлығы сыртқы факторлардың әсерінен келген экономикалық қиындықтарға байланысты болып отыр. Негізгі экспортталатын өнімдер арзандады, өсіресе, өңірімізде темір кені 30%, ішкі сауда айналымы 39,1% төмендеп кетті.

Департамент басшысы облыстағы бірқатар серіктестіктердің қомақты қаржыға ие болса да салық төлеуден жалтаратынын, соның салдарынан көлеңкелі бизнеске жол ашылып жатқанын жасырып қалмады. Ондай кәсіпорындар салықтан жалтарудың түрлі айла-тәсілдеріне көшеді. Өңірдегі "Ерлан Компаниясы", "Сыл", "Ван" "АБЗ+", "Гренада" қатарлы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері салықты толық төлемеген.

Құзырлы орган мемлекеттік тапсырысқа қатысушыларға сараптама жүргізді. Мәселен, былтырғы жылдың басынан бері кәсіпорындар мемлекеттік тапсырыс аясында 197,4 млрд. теңге алған.

— Жылдан жылға ірі көлемде қаражатқа ие болып, салықты өтеуі төмендеп бара жатқан бизнес субъектілері аз емес. Атап айтсақ, "Ерлан Компаниясы" ЖШС соңғы екі жыл ішінде мемлекеттік тапсырыспен алған 7 млрд. теңгеге 101 млн. теңге салық төлеген. "Аяз" ЖШС мемлекеттен 6 млрд. қаражат алса да, 155 млн. ғана салық берді. "АБЗ+", "Гренада", "Сыл" серіктестіктерінің әрқайсысы 2 млрд. теңгеден қаражат алса да, салық көлемі 100 млн. теңгеден аспаған.

Департамент басшысы өз еркімен салық төлемейтіндерден ақша қылмыстық іс қозғау арқылы өндіріліп алынып жатқанын да атап өтті. Биыл мемлекеттік тапсырысқа қатысушы ірі бизнес субъектілеріне қатысты салықтық тексерулер жүргізіліп, қылмыстық іс қозғалғаннан кейін 2,6 млрд. теңгеден астам қаражат бюджетке келіп түскен. Осындай тағы 4 ірі кәсіпорынға тексеру

жүргізілуде екен. Олардан қазынаға келіп түсетін қаржы көлемі 1,5 млрд. теңге болмақ. Айбек Паяев жоғарыдағы олқылықтар қайталанбау үшін облыс әкіміне салық төлеу қабілеті төмен кәсіпорындарды тендерлерге қатысуға жол бермеуге ықпал етуін сұрады.

— Қазір жылдың аяғы. Күн тәртібінде бюджеттің кіріс бөлігін толықтыру мәселесін қарастыратын боламыз. Облыстың және жергілікті бюджеттің кіріс бөлігінің жеткізілген параметрлі атқарылуы ағымдағы жылы проблемалы және күрделі болып отыр. 2015 жылы бекітілген бюджетпен салыстырғанда, жыл басынан бері облыстық салық түсімдері бойынша жоспар 4,5 млрд. теңгеге қысқарды. Бюджеттің кіріс бөлігінің атқарылуы 2016 жылы да биылғыдай күрделі болатынын көріп отырмыз. Сондықтан алдағы уақытта бюджеттік кіріс бөлігін ұлғайту жөнінен резервті анықтау, сондай-ақ салық базасын кеңейту қажет. Бұл тек мемлекеттік органдарға ғана емес, барлық ірі кәсіпорындар мен шағын және орта бизнес субъектілеріне жүктеліп отырған міндет, — деді өңір басшысы.

Архимед Мұхамбетов салық төлегендер жұмысын жалғастыра береді деді. Қайта оларға билік тарапынан көмек те жасалмақ. Ал "бармақ бастымен" салықтан жалтару деген болмайды. Осыны бұқаралық ақпарат құралдары алдында ескертіп өтті. Аймақ басшысы сондай-ақ түрлі қитұр-қылықтармен банкроттық жариялап, барлық активтерді алып кеткісі келетіндер жайында хабардар екенін жеткізіп, ондайлардың жолы кесіледі деді.

● ЖАСТЫҚ ШАҚТЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

Жастары белсенді елдің болашағы жарқын

Қымбат
ДОСЖАНОВА

"Нұр Отан" партиясы төрағасының бірінші орынбасары Асқар Мырзахметов Қостанай облысына жұмыс сапарымен келіп, өңірдің белсенді жастарымен кездесті. Сонымен қатар "Нұрлы жол" бағдарламасы бойынша салынып жатқан объектілердің құрылыс жұмыстарымен танысты.

Партияның облыстық филиалында өткен кездесуге облысымыздың ең белсенді деген бетке ұстар жастары қатысты. Олардың арасында жұмысшы, кәсіпкер, студент, спортшы, шығармашыл жастар бар. Қатысушылардың әрқайсысы өз салалары бойынша ой-пікірлерімен бөлісіп, ұсыныстарын да ортаға салды. Алғаш болып сөз бастаған "Жас Отан" ЖҚ облыстық филиалының жетекшісі Ерлан Төлетаев Қостанайдағы "жас отандықтардың" жұмысы туралы баяндады.

– Облысымызда "Жас Отан" жастар қанатының 16 аудандық және төрт қалалық филиалы бар. Өңіріміздің белсенді жастары мемлекеттік басым бағыттарды жүзеге асыруға үлес қосуда. "Жас Отанның" белсендісі Мирас Адамбаевтың қайырымдылық жобасын ерекше мақтанышпен айтуға болатындай. Жоба "Хелпер-бокс" деп аталады. Оның мақсаты – киім-кешек жинап, жағдайы төмен адамдарға таратып беру. Осылайша жастарды қайырымдылық шарасына тартудамыз.

"Қайырымдылық жөшігі" қаламыздағы орталық әмбебап дүкеніне (ЦУМ) орнатылған. Еріктілер аптасына екі рет жиналып "Қайырымдылық жөшігіне" жиналған киім-кешекті мұқтаж жандарға апарып береді, – дейді "Жас Отан" ЖҚ облыстық филиалының жетекшісі Ерлан Төлетаев.

Партия төрағасының бірінші орынбасары Асқар Мырзахметов Қостанайдағы "Қайырымдылық жөшігі" жобасына ұқсас шара Астана қаласында да жүзеге асатындығын айтты.

"Мұндай қайырымдылық шарасын республиканың аумағында кеңінен насихаттау ойда бар. Киім-кешек жинау үшін жөшік орнатумен шектелмей, арнайы нысан белгілеу керек. Әкімдіктің ұсынған тізіміне сәйкес, киім-кешекті мұқтаж жандарға тарататын боламыз.

"Жас Отан" бұқаралық іс-шараларға қатысып, арзан пиар жасаудың қажеті шамалы. Акция, флеш-мобтармен шектелуге болмайды. Жастардың идеяларымен, ерекше бастамаларымен партияның басшылығына, аға буынға көмек-



тесуі керек".

Руханият саласы туралы ой-пікірімен бөліскен жас журналист Жансая Қожахметова өзінің ұсынысын да ортаға салды.

"Рухсыз, имандылықсыз, мәдениетсіз алға жылжу мүмкін емес. Сөздің шындығы керек, еліміздегі телеарналарда ұлттық құндылықтарымызды, мәдениетімізді, салт-дәстүрімізді жаңғыртып, насихаттайтын бағдарламалар бірен-сараң. Оның өзінде жас толқынды баурап алатын заманауи бағдарламалар аз. Орталықтандырылған республикалық телеарналарда жастар көретін мағыналы бағдарламалар көп болса деген ұсынысым бар".

– Жастар – біздің болашағымыз. Олардың қандай тәрбие алып жатқаны бәріміз үшін маңызды. Сондықтан ұлттық құндылықтарымызды насихаттауда ұрпақ сабақтасығына баса көңіл бөлу керек. Мемлекет басшысының "Мәңгілік Ел" жалпыұлттық идеясы, қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мінекей осының бәрі "Жас Отанның" ұстанатын негізгі бағыты болмақ. Жастардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру жұмыстары күнделікті жүзеге асуы тиіс. "Жастар – Отанға!", "Сәтті қадам" сияқты жобалар патриотизмнің бастауы, – деді Партия төрағасының бірінші орынбасары Асқар Мырзахметов.

Кездесуде жас депутат Татьяна Антонинова ауылдарда жастар ұйымдарын дамытуды ұсынды. Себебі, жыл өткен сайын ауыл жастарының белсенділігі төмендеп барады. ҰЕҰ-дар мемлекеттік саясаты насихаттау мақсатында жұмыс істейтінін ескерсек, аудандарда жастар қозғалысын дамыту маңызды.

– Елбасы "Жас Отан" ЖҚ-ның I съезінде жастарға үлкен сенім білдірген болатын. Жас толқынның білім алуына, жұмыс істеп, тұрғын үймен қамтылуына арналған әртүрлі әлеуметтік бағдарламалар бар. Десек те, жұмысшы жастардың мәртебесі тасада қалып қояды. Бұл мәселені

шешу мақсатында облыстағы ірі кәсіпорындарда жастар комитеттері құрылды, – деді "Нұр Отан" партиясы ҚОФ төрағасының бірінші орынбасары Әлия Сапарова.

Осы орайда "Қазақтелеком" АҚ Қостанай ОТД өкілі "Марат Сандыбаев "Жас телеком" жастар қанатының жұмысымен таныстырды. Сонымен қатар жастарды шағын және орта бизнеске тарту, білім-ғылым үйренуге баулу туралы да сөз болды.

– Мамандық таңдауда түсіндіру жұмыстары төмен. Жастардың бәрі шетінен заңгер, қаржыгер болғысы келеді. Ауылға қажетті мамандарды даярлауға үлес қоссақ, еліміздің экономикасына тиімді серпін болар еді. Әлемдік заманауи озық технологияларға деген дұрыс көзқарасты қалыптастыру керек. Заманауи технологияны игеру бүгінгі күннің талабы, – деді партия төрағасының бірінші орынбасары Асқар Мырзахметов.

Кездесу соңында "Нұр Отан" партиясы төрағасының бірінші орынбасары Асқар Мырзахметов, партияның Қостанай облыстық филиалының төрағасы, өңір басшысы Архимед Мұхамбетов және партияның ҚОФ төрағасының бірінші орынбасары Әлия Сапарова жастармен бірге естелік суретке түсті.

Жастармен болған жүздесуден соң Асқар Мырзахметов Ғ.Қайырбеков көшесінде бой көтеріп жатқан тұрғын үйдің құрылысын барып көрді. Аталған нысан "Нұрлы жол" бағдарламасы бойынша салынып жатыр. "Сарбайское СМУ" ЖШС директоры Сергей Меньшиковтың айтуынша, бес қабатты, отыз пәтерлі үйдің құрылысы алдағы желтоқсан айында аяқталмақ. Тұрғын үйдің он бес пәтері үш бөлмелі, бес пәтері екі бөлмелі, ал қалған он пәтер бір бөлмелі. Асқар Мырзахметов бір бөлмелі пәтерлердің санын көбейту керектігін айтты.

СУРЕТТЕ: кездесуден көрініс.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Тобыл Торғай Тынысы

300 млн. теңгенің азығы алынбақ

Облыста. Өңірдің ауыл шаруашылығы өнімдерінің тұрақтандыру қоры толығуда. Биылғы жыл бойы Қостанайдағы барлық жәрменкеде тұрақтандыру қорының азық-түліктері сатылды. Қор 2011 жылы азық-түлік тапшылығын болдырмай, бағаны ұстап тұру үшін құрылған еді. Биыл 150 т. қант, 1000 т. картоп, 50 т. сәбіз, 250 т. өсімдік майы, 50 т. ет, 2,5 млн. дана жұмыртқа сатып алу жоспарланған. Қазіргі таңда 20 т. күріш сатып алынды. Тұрақтандыру қорына 300 млн. теңге бөлінді.

Тоқыма шеберханасын ашты

Рудный. Кеншілер қаласындағы кәсіпкер Д.Жәлелов "Монокалаларды дамыту–2020" бағдарламасы аясында 3 млн. теңге грантты жеңіп алды. Бұл кәсіпкерге тоқымалы киім дайындайтын шеберхана ашуға мүмкіндік берген. Бөлінген қаражатқа ол тоқу және тігу машиналары мен тоға, үстел, ноутбук сынды қажетті жабдықтарды сатып алған. Өзірге шеберханада үш тоқымашы жұмыс істейді. Болашақта кәсіпкер кәсіпорынның керегесін кеңейтуді жоспарлап отыр.

"Қыс–2015"

Облыста. Төтенше жағдайлар департаменті "Қыс–2015" республикалық командалық-штабтық оқу-жаттығу шарасын өткізді. Қалалық жағажай маңында Қостанай қаласының жедел топ жасағы сынға түсті. Дайындық барысын облыс әкімінің орынбасары Ғ.Нұрмұхамбетов тексерді. Ол бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбатында жедел топ жасағы қысқы мерзім уақытында дағдарысты жағдайлардың ізін жою бойынша құтқару және кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге дайын деп атап өтті.

"Мен және менің полицейім"

Лисаков. Қаладағы №1 мектепте оқушылар арасында "Мен және менің полицейім" атты сурет және шығарма байқауы өтті. Қатысушылар өз жұмыстарында полицейлердің қызметі жайында өздерінің түсінген-білгендерін қағаз бетіне бейнелеп, ойларын сөзбен жеткізуге талпынды. Ұстаздардың және өзге де оқушылардың көзқарасы бойынша Венера Куламбаева үздік деп танылды.

"Құқықтық сауаттылық – заман талабы"

Қостанай к. Құқықтық сауаттылықты кеңейту мақсатында А.Пушкин кітапханасында №24 бастауыш мектеп-гимназиясының оқушыларымен "Құқықтық сауаттылық – заман талабы" атты кеш болды. Оқушылар күнделікті өмірде кездесіп жататын ұрлықтың жағымсыз екенін ұғынып, жаман әдеттердің алдын-алу үшін не істеу керек екенін үйренді.

"Қазақ хандығына – 550 жыл"

Аманкелді. Қазақ хандығының 550 жылдығына орай А.Иманов атындағы Аманкелді мемориалдық мұражайында "Қазақ хандығына 550 жыл" тақырыбында көрме өткізілді. Ғылыми қызметкер Ж.Досбергенов көрмені Б.Қолдасбаев атындағы орта мектептің оқушыларына таныстырып, Қазақ хандығының құрылу тарихы туралы дәріс оқыды.

Жарқын көңіл сыйлады

Жанкелдин. Аудандық ішкі саясат бөлімі, "Жастар" бастамалар орталығының ұйымдастыруымен қазақ хандығының 550 жылдығына орай аудандық мәдениет үйінде өткен "Жайдарман" ойын-сауық кеші көрермендерге жарқын көңіл сыйлады. Ауыл жастарының өнерлерін насихаттау барысында өткен іс-шараға не бәрі бес команда қатысты. Олар өмірдегі кейбір келеңсіздіктерді әжуәлі әзілдерімен жеткізді.

"Кселл" 4G технологиясын іске қосуға дайын

2016 жылы іске қосылады деп күтіліп отырған 4G технологиясына дайындық жүргізудің бір бөлігі ретінде "Кселл" деректерді тарату қызметін ұсынуға басты назар аударуда. Осы мақсатта компания ең танымал "Алло, Қазақстан" тарифтік жоспарының жаңа топтамасында ұсынылатын мобильдік интернет көлемін ұлғайтып отыр.

2015 жылдың 28 қазанынан бастап "Алло, Қазақстан" тарифтік жоспарының бірінші топтамасына қосымша ретінде "Алло, Қазақстан XS, S, M, L" тарифтік жоспарының жаңа топтамасы іске қосылуда. Аталған жоспарларға енгізілген мобильдік интернет пакеті ұлғайтылып отыр.

"Соңғы тоқсан ішінде" біздің желіміздегі мобильдік интернетті тұтыну көлемі 2 есеге артты. Осы ретте биылғы жылдың маусымынан бастап іске қосылғалы бері "Алло, Қазақстан" жоспарындағы мобильдік интернетті тұтыну көлемі 4 есеге артқан болатын. Клиенттеріміздің арасында деректерді тарату қызметіне деген аса үлкен сұранысты көріп отырмыз және де бұл сұраныс үнемі артып келеді. Клиенттеріміз кез келген уақытта және кез келген жерде көлемі үлкен видео және музыка файлдарына қол жеткізгісі келеді. Оның үстіне бұл жаһандық және қазақстандық телекоммуникация нарығында басты трендке айналууда. Басты назарымызды клиенттеріміздің қажеттіліктеріне шоғырландыра отырып, біз өзгерістерді ең танымал "Алло, Қазақстан" тарифтік жоспарындағы топтамалардан бастап отырмыз. 2016 жылы біз 4G технологиясын іске қосуға дайын боламыз, сондықтан біз ең танымал тарифтік жоспарларды деректердің үлкен көлемін тұтынуға қазірдің өзінде бейімдей бастадық," – деп атап өтті "Кселл" АҚ бас атқарушы директоры Арти Отс.

activ абоненттеріне қолжетімді "Алло, Қазақстан" тарифтік жоспарының жаңартылған нұсқасында 6 мүмкіндік пайда болды. 4 жоспар мобильдік интернет қолданушыларына бағытталған болса екеуі әлі дауыстық қызметтерді артық көретін абоненттерге арналған.

Мобильдік интернеттік белсенді қолданатындарға арнап енді "Алло, Қазақстан XS", "Алло, Қазақстан S", "Алло, Қазақстан M", "Алло, Қазақстан L" топтамасында бұл рекордтық 45 Гб-қа тең. Сонымен қатар, осы жаңа тарифтік топтамаға алғашқы рет

ГИГАБАЙТТАРДЫ
САНАМАЙМЫН,
СЕН ШЕ?

НЕ СЧИТАЮ
ГИГАБАЙТЫ,

1990
МИН



4056, activ.kz

Алло,
Қазақстан L

45GB



қосылатын абоненттерге 30 күнге 1 Гб-тан бастап 7 Гб-қа дейінгі бонус ұсынылатын болады.

Дауыстық және интернет қызметтердің ең үлкен пакеті "Алло, Қазақстан L" тарифтік жоспарында қарастырылған. Айына төленетін 2490 теңге үшін бір айға жететін интернеттің ең үлкен көлемі - 45 Гб ұсынылады (күндізгі уақытта 15 Гб, түнгі уақытта 30 Гб). Осы ретте аталған тарифтік жоспар арқылы тарифтік топтамаға қосылған алғашқы 30 күнде 7 Гб бонус қоса берілетін болады. Осы тарифтік жоспар бойынша Қазақстан ішіндегі бүкіл желілерге қоңырау шалу 300 минутты, ал желі ішінде қоңырау шалу үшін 30 күнге 1690 минутты құрайды. Жаңа тарифтік топтаманы үзіліссіз қолданғаннан кейінгі 7-айдан бастап "Алло, Қазақстан L" абоненттеріне Қазақстан ішінде бүкіл желілерге қоңырау шалу үшін 1990 минут берілетін болады.

Телефон арқылы көп өңімелескенді артық көретін activ абоненттеріне арнап жалпы ұлттық "Алло, Қазақстан 2G" және аймақтық "Алло, Қазақстан Start" деп аталатын 2 жаңа тарифтік жоспар қарастырылған.

Бір айға 890 теңге тұратын "Алло, Қазақстан 2G" жоспарында құны 0 теңгеге тең шектеусіз желі ішінде қоңырау шалу мүмкіндігі ұсынылып отыр. ҚР-дағы басқа операторлардың ұялы және қала-

лық нөмірлеріне қоңырау шалу минутына 15 теңге тұрады.

Бір айға 1290 теңге тұратын "Алло, Қазақстан Start" жоспарында Қазақстан ішінде бүкіл желілерге арнап 90 минут және аталған жоспарға үзіліссіз қосылған алғашқы 180 күн бойы activ/Kcell желісі ішінде айына 900 минут ұсынылады. Осы тарифтік жоспарға қосылғаннан кейінгі 7-айдан бастап абоненттерге ҚР ішіндегі барлық желілерге қоңырау шалу үшін 990 минут беріледі. Сонымен қатар, осы тарифтік жоспарға мобильдік интернеттің күндіз 1 Гб-қа және түнде 2 Гб-қа тең нақты көлемі қоса беріліп отыр. Осы тарифтік жоспарға және жаңа тарифтік топтамаға алғаш қосылғаны үшін бонус ретінде абоненттерге 30 күнге 1 Гб интернет ұсынылады.

Осы ретте жоғарыда аталған тарифтік жоспарларға қосылған абоненттердің барлығына абоненттік төлемнің шығынға жазылған-жазылмағанына қарамастан, мобильдік нұсқалар арқылы Facebook және ВКонтакте танымал әлеуметтік желілеріне шығуға мүмкіндік беріледі.

Компаниядағылар бұл өзгерістер жергілікті нарықтың дауыстық қызметтерден интернетті тұтынуға ары қарай көшугін ынталандыратына сенімді.

Сонымен қатар, компания 2015 жылдың 28 қарашасынан бастап орын алатын ағымдағы жағдайды ескере отырып, "Алло, Қазақстан 1,2,3" тарифтік жоспарларына енгізілген қызметтердің көлемі арттырылатынын мәлімдейді. Осыған орай аталған тарифтік жоспарлардағы ай сайынғы абоненттік төлем құнына түзетулер енгізілетін болады.

Сонымен қатар, бұл өзгерістер белгілі аймақтық "Елім-ай" және "Пысық" тарифтеріне де өз ықпалын тигізді. Жаңартылған нұсқада, аталмыш тарифтік жоспарлар Facebook және ВКонтакте әлеуметтік желілерін тегін қолдану мүмкіндігінің арқасында бұрынғыдан да неғұрлым деректерді табыстауға көзделген. Осыған орай 28 қарашадан бастап абоненттік төлемәкысы тәулігіне 36 және 19 теңгені құрайтын болады. Бұл тарифтік жоспарлардың жаңартылған "Елім-ай" және "Пысық+" нұсқаулары 3 қарашадан бастап іске қосылады.

Жаңа тарифтік жоспарлар жайлы және де қолданыстағы тарифтік жоспарларға енгізілетін өзгерістер туралы толығырақ ақпаратты www.activ.kz сайтынан таба аласыздар.

● ҚУАТТЫ БИЗНЕС – ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТ



Олстоорнның озық технологиясы

Әйгілі "Данон" компаниясының білікті маманы кәсіпорынды жандандырмақ

Кенже
ҚОНЫСБАЙ

Рудный қаласындағы "Лидер-2010" ЖШС-не қарасты сүт зауытына Голландиядан арнайы кеңесші келді. Кейс Олстоорн мырза микробиология ғылымдарының докторы. Сүт өңдеу саласында 40 жылдық тәжірибесі бар маман. Ол осыған дейін әйгілі "Данон" компаниясында жұмыс жасаған. Кеңесшінің келуі "Бизнестің жол картасы – 2020" бағдарламасының аясында жүзеге асып отыр.

Мемлекеттің қолдауымен "Лидер-2010" компаниясы заманауи құрылғылармен жабдықталған жаңа зауытты іске қосқан болатын. Орталықта әр ауысымда 20 тонна өнім өндіріледі. Сүт, айран, қаймақ, май, ірімшік пен "Тан" сусыны да осы зауытта жасалады. Кәсіпорын басшысы Владимир Ширяев білікті маманның шақырылу мақсатын айта кетті.

– Компанияның жұмысы баяулап қалды. Жаңа өнім түрлері болмай, аз дүниемен ғана шектелдік. Оның үстіне, сақтау мерзімі де аз болды. Тіпті, кейбіреуі 5 күнге ғана жарамды еді. Сол тауарларды алыс аймақтарға тасымалдай алмадық.

Жаңа зауыттың іске қосылуымен өнімдер арта түсті. Сүт коктейлі мен йогурттар сатылымға шыға бастады. Алайда, компанияның стратегиясы өзгермейді. Іштегі нарықты толық қамтамасыз етіп, Ресейге де тауарларды экспорттайтын боламыз. Өндіріске заманауи әдістерді барынша сіңіру қажет. Олстоорн мырза біздің жобамызды жүзеге асыруға көмек көрсететін болады.

Шетелдік маман аталмыш зауытта екі апта жұмыс атқарды. Осы уақыт ішінде өз білімімен бөлісіп, түрлі қоспалар енгізіп, автоматты түрде жұмыс істейтін техникалардың жұмыс тәртібін алмастырды.

– Рудныйдағы зауыттың кейбір өнімдері маған белгісіз. Айраны мен кептірілген ірімшігін, "Тан" сусынын микробиолог ғалым ретінде жоғары бағалаймын. Олардың құрамында ешқандай химиялық қоспалар жоқ. Иісі мен түрі және дәмі де ерекше. Мен еуропалықтарға қолдануға кеңес беремін. Кәсіпорын жаңа құрылғылармен қамтамасыз етілген. Жұмысшылардың барлығы еңбекқор, әрі елгезек, – деп өз бағасын берді голландиялық маман.

● ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ИННОВАЦИЯЛЫҚ САЯСАТ

Құс фабрикасы қуатын арттырды

Шұға
ҚОҢҚАБАЙ

"Жас қанат – 2006" ЖШС құс фабрикасы 2013 жылы өндірісті модернизациялауды бастаған болатын. 2010 жылы үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы шеңберінде ашылған инвестициялық жоба құстар саны мен жұмыртқа көлемін көбейтпек.

Қостанай ауданына қарасты "Жас қанат – 2006" құс фабрикасы өндірісті жаңғыртудың жаңа кезеңіне көшті. Заманауи технологиялармен жаратану арқылы кәсіпорын өнім көлемін арттырып, өзіндік құнын төмендетуге мүмкіндік алды. Бүгінде "Жас қанаттың" сапалы жұмыртқалары Қазақстаннан бөлек Ресей нарығында да сұранысқа ие. 2010 жылы "Жас қанат" фабрикасында құс саны 300 мың шамасында еді. Ол кезде кәсіпорын қуаты жылына 65 млн. дана жұмыртқа өндіруге ғана жететін. Өндірісті кезең-кезеңімен жаңғырту өз тиімділігін көрсетті. Ұзындығы 100 метрден асатын 10 қатарлы, екіқабатты құсқоралармен бірге сан да, сапа да артты. Бүгінде жылдық қуаты - 250 млн. дана.

Бізге фабрика зоотехнигі Анна Попуша құстарды қалай күтіп баптайтынын айтып берді:

– Мекиендерге берілетін жем-азық зертханада мұқият тексеріледі. Қунарлы корек – сапалы өнімнің негізі. Сол үшін де біздің жұмыртқаларға сұраныс көп. Қазір фабрикада жұмыртқа беретін мекиен саны 700 мың. Кәсіпорында күніне 550 мың дана жұмыртқа жиналады. Іріктеу цехында олар мұқият тексерістен өтеді. Автоматты жүйе компьютерге бағындырылған жапон жабдығы қол еңбегін аса қажет етпейді.

Дайын өнімдер цехының басшысы Татьяна Филенко:

– Сағатына 120 мың дана жұмыртқаны өңдеуге қауқарлы. Жұмыртқалар желілерде салмағына қарай 6 санатқа бөлінеді. Біздің жұмысшылар-



дың қолымен оралып, қоймаға жөнелтіледі. Өндірісті жаңғырту – фабриканың Дүниежүзілік сауда ұйымында бәсекеге қабілетті болуға жасаған дайындығы. Бүгінде көздеген мақсатқа қол жетті. Өлемнің тәжірибесі осындай. Заманауи жабдықтар өнімнің өзіндік құнын арзандатуға мүмкіндік берді", – дейді кәсіпорын басшылығы.

"Жас қанат – 2006" ЖШС директоры Қайрат Маишевтің сөзіне сүйенсек, мемлекет тарапынан берілген көмектердің арқасында, жылына 65 миллион жұмыртқа шығаруға жоспарланылған құс фабрикасы аз ғана уақытта құрылған.

– 2010 жылы ашылғаннан бері

өндірісіміз тоқтаусыз жетілдіріліп келеді. Біздің өнімдерге сұраныс көп. Жалпы жұмыртқа денсаулыққа пайдалы, жеңіс ас ғой. Ақуызға бай болғандықтан да көптеген азықтың құрамына қосылады. Сол үшін де оған деген сұраныс арта бермек. Бізде өнімді өткізу жағынан мәселе туындаған емес. Өндіріс көлемін арттыра бермекпіз. Біздің сапамыз – сіздің денсаулығыңыз. Фабрика ұстанымы осы. Бүгінде "Жас қанаттың" жұмыртқалары тұтас Қазақстанға, одан бөлек Ресейдің 3 облысында саудалананады. Тұтынушыларымыз "Халық маркасы" байқауында бізді түгелдей қолдайтынына сенеміз, – дейді кәсіпорындағылар.

● ТАҒЫМ

Ұстаз, ғалым, қайраткер

Зұлқарнай Алдамжар туралы сөз



Зұханды бәрі біледі, ол Қостанай топырағында екі бірдей университет ашып, жас жеткіншектердің туған жерінде терең білім алуына жағдай туғызған, қазыналы өлкенің өркениетіне ерекше үлес қосқан тұлға еді. Академик ағамыз «Парасат» орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қостанай қаласының, АҚШ-тың Техас штатының құрметті азаматы болатын.

Осынау таутұлғаның дүниеден өткеніне де он жылдың жүзі болыпты. Тарих ғылымының докторы, профессор Зұлқарнай Алдамжарды тебіреніспен еске алуымыздың себебі де осы.

Жөні бөлек, жампоз аға

Таңертеңгі сағат 10.00-да суық хабар жетті. Зұлқарнай Алдамжар дүниеден озды. Қайран, маңғаз, жампоз аға! Ойламаған жерден ойсырап қалдық. Сіздің санамда парасат тұнған сабырлы жүзіңіз елестеді. Жақсы адамның адамгершілік жарқын сәттері естен кетпейді екен. Кішіпейіл еді. Кең еді. Бәлкім, жақын білетіндер пенделіктен тұатын әдет-ғадәбіне қарап, өзінше тон пішсе, піше берсін. Бірақ жампоздың елге, жұртқа жасаған ісінен қадір-қасиеті көрінер. Қостанай жұрты Зұлқарнай Алдамжардың өрнекті ісін, ісінің ізін енді анық байқар, байқар да бағалар!

Басқаны қайдам, дүниеден ойламаған жерден озып, мені қамшылап кетіп қалдыңыз, аға! «Ең бастысы: босқа жүрме, уақытты оздырма, әрекет ет, барынды бер, терле! Өмір сүру тек қарын тойдыру ғана емес. Жаның сүйсінетін ісінді істеп қал! Жүрек жүйкесі тозады. Соны сезсең ерінбе. Не бітірдің? Өз-өзіңе есеп бер. Егер түк те бітірмесең — өкінбе, қашанда ар ісі кеш болмайды!», — Сіз осылай айттыңыз, нақ осылай, бірақ — сөзбен емес! Іспен! Ойхой, түсінген кісіге зор іс тындырдыңыз, іс-әрекетіңіз, ізгі-парасатыңызбен біздің қазіргі заманымызда қалай өмір сүру керектігін көрсеттіңіз. Өңірде тұңғыш рет Университеттің туын тігіп бердіңіз. Бізге ұлт ұстазы Байтұрсыновтың парасат тұнған ескерткіші мен білім жарысының қандай болатынын танытып кеттіңіз.

Оқу залдары, аудиторияларда қазақ тілін жаңғыртып кеттіңіз.

Өзіңіз де, сөзіңіз де биязы. Үлкенді де, кішіні де байыппен, оның болмыс-бітіміне, ойына шақтап сөйлесе кететінсіз. Тегінді сұрап тергемейтін, кісінің кісілігін тани қоятын сұңғыла сезімтал едіңіз.

Әлі күнге дейін, жасы жерортадан асса да, пенделік тірліктің жетегінен асып шыға алмай шерменде болғандарды да көріп жүрміз. Жетекте жүреді. Ал шын жақсы адам болу бұл заманда — қиын. Жалғандықпен мен жақсымын деп, кісімсінгендер толып жатыр. Алданып қалмай айыра біл. Ел алдындағы пайдалы қызметің қандай? Көрсет, қаракет жаса! — Сіздің қолтаңбаңыз бар, көзіңе оттай басылатын қыруар шаруалардан осындай меңзеулерді естіп, сезіп тұрғандаймын.

Енді қайтіп, Сіз сияқты қолыңды жұмсақ алақанына салып тұрып, мейірлене қараған күйі: «Иә, бауырым, кел, халың қалай?» деп баурап әкететін ағаларды таба алар ма екенбіз, қатарларыңыз қатты сиреп кетті, не шара!..

Аға, бақұл болыңыз.

Жанұзақ АЯЗБЕКОВ.
8 қараша, 2005 ж.



Академик аға
жұбайы Гүлсарамен бірге

Марқасқа



... Ақтөбеде Тама Есет батырдың 325 жылдық торқалы тойы өтіп жатты. Сол шара шеңберінде ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Академик Манаш Қозыбаев ағамыз бастаған көрнекті ғалымдар баяндамалар жасады. Ахмет Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің сол кездегі ректоры, академик Зұлқарнай Алдамжар ағамыздың «Сырым Датов бастаған қозғалыстың негізгі кезеңдері» атты баяндамасы ерекше пікір туғызды.

Сол той үстінде Америкадан келген мұнай мен газ саласының бір топ мамандарымен танысып, сұхбаттасудың да сәті түсті. Сырттан келген қонақтармен алты қанат ақ үйде бірге болдық. Қонақтар жайғасқан бетте Гүлнәз атты қарындасымыз домбырасын қағып-қағып жіберіп, әуелете шырқай жөнелсін. Одан кейін өзіміздің Әбдібек Божақов әуелетсін.

Американдық қонақтар таң-тамаша болды.

— Аспапта ойнап, ән айтуды қайдан үйрендіңіз? — дейді Гүлнәзға.

Енді сөзге профессор Зұлқарнай Алдамжар араласты:

— Қазақтың бәрі батыр, шешен, ақын, әнші болған, — деп бастап, қазақ халқының шығу тарихы, оның он төртінші ғасырдан басталатын мемлекеттігі, оның ғылымы мен мәдениеті, дәстүрі туралы таң қаларлық әңгіме айтты. Ғалым ағамыздың аузынан шыққан сөзді аудармашы қарындастарымыз татар қызы Римма мен қазақ қызы Жазира қағып алып, ағылшыншаға аударып жатты. Профессор Алдамжар он-он бес минут әңгімесінде Олжас Сүлейменов айтқандай, тауларды аласартпай, даламызды асқақтатты. Не деген білім, не деген қисын, не деген мәдениет. Нағыз марқасқаның өзі екен ғой, өзі...

Содан бері қанша уақыт өтсе де, қайран, Зұханды, менің жүрегімде сол қалпында сақталып келеді. Жаны жәннатта болғай...

Сәлім МЕНДІБАЙ,
журналист-жазушы, Қостанай
қаласының құрметті азаматы.

СУРЕТТЕ: академик Зұлқарнай Алдамжар мен автор.



Жолбарыс қажы БАЯЗИД,
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Қосылдың санатына алыптардың

(Академик Зұлқарнай Алдамжар рухына)

*О, Зұлқарнай, ел-жұртқа қазағымдай,
Қиянаттай көрінеді қаза мұндай!
Отан үшін жаның ең жігеріңді,
Күшіңді — құм, еңбекті ада қылмай!*

*Қостанай бәйтерегі секілді едің,
Соңыңда қалып барады жетім елің.
Бақиға кеттің қалай қас-қағымда,
Неліктен сүруге өмір бекінбедің?!*

*Кеттің-ау қарттық шақтың күні жетпей,
Осы күй қояр емес дірілдетпей!
Сенбей түр көз-көкірек, қимайды әлі,
Тұрған соң құлақтан да үнің кетпей!*

*Жетті де әмір, бұйрық Жаратқаннан,
Құлады тұғырынан қанатты арман.
Жәннаттың бағы болсын барар жерің,
Жайлы, әрі жарық болып таң атқаннан.*

*Перзент ең жалпақ жұртың жақтағандай,
Сөзіңді зерделі ұрпақ жаттағандай.
Бет алып, жол тартсаң да мәңгілікке,
Есінде есіміңді ел сақтағандай!*

*Көп еді-ау көрер әлі бақыт таңың,
Көңілімнің шері болды ағытқаным.
Қош мәңгі асыл перзент, ойшыл, ғалым
Қосылған санатына алыптардың!*

11.11.2005 жыл.

Қостанай облысы әкімдігінің
2015 жылғы 9 қазан № 429 қаулысы

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенттерін бекіту туралы

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:
- 1) "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
- 2) "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;
- 3) "Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұхамбетов.

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 28 қазанда № 5967 болып тіркелген.

Әкімдіктің 2015 жылғы 9 қазандағы № 429 қаулысымен бекітілген

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орындары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесі-техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін оқу орнына құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз жүзінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 200 "Техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 9-тармағына сәйкес құжаттар (бұдан әрі – құжаттар топтамасы) мен өтінішті қабылдауы болып табылады.

5. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттар топтамасын қабылдайды, оны тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді, 15 минут.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – құжаттар топтамасын тіркеу;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын айқындайды, тиісті бұрыштама қояды, 2 сағат.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұрыштамасы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасын зерделейді, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды:

күндізгі оқу нысанына – 20 маусым мен 20 тамыз аралығында;

сырттай (кешкі) оқу нысанына 20 мау-

сым мен 20 қыркүйек аралығында.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасы;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасына қол қояды, 2 сағат.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – қол қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді, 15 минут.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – берілген мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

7. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығын көрсете отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігін сипаттау:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттар топтамасын қабылдайды, оны тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді, 15 минут;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын айқындайды, тиісті бұрыштама қояды, 2 сағат;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасын зерделейді, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды:

күндізгі оқу нысанына – 20 маусым мен 20 тамыз аралығында;

сырттай (кешкі) оқу нысанына 20 маусым мен 20 қыркүйек аралығында;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасына қол қояды, 2 сағат;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді, 15 минут.

8. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы осы Регламенттің қосымшасында көрсетілген.

4. Халыққа қызмет көрсету орталықтарымен және (немесе) өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен өзара іс-қимыл тәртібін,

сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібін сипаттау

9. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Ха-

лыққа қызмет көрсету орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалы және "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы көрсетілмейді.

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне қосымша

"Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы



Шартты белгілер:

	мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы
	көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) атауы;
	келесі рәсімге (іс-қимылға) өту

Әкімдіктің 2015 жылғы 9 қазандағы
№ 429 қаулысымен бекітілген

"Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) жатақханасы бар техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру туралы жолдама.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібін сипаттау

4. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 200 "Техникалық және кәсіптік білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген "Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру" мемлекеттік қызмет Стандартының (бұдан әрі – Стандарт) 9-тармағына сәйкес құжаттарды (бұдан әрі – құжаттар топтамасы) және өтінішті қабылдауы болып табылады. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оның орындалу ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттар топтамасын қабылдайды, оны тіркеуді жүзеге асыра-

ды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына береді, 15 минут.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – құжаттар топтамасын тіркеу;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысын айқындайды, тиісті бұрыштама қояды, 3 сағат.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – көрсетілетін қызметті беруші басшысының бұрыштамасы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы құжаттар топтамасын зерделейді, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасын дайындайды, 8 жұмыс күні.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасы;

4) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесінің жобасына қол қояды, 1 жұмыс күні;

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – қол қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі;

5) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін береді, 15 минут.

Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі – берілген мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібін сипаттау

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы.

(Соңы газеттің келесі санында).

Постановление акимата Костанайской области
от 9 октября 2015 года № 429

Об утверждении регламентов
государственных услуг

"Сүйген сұлу". 10.00 Х.ф. "Невпопад". 12.30 Сәт сапар. 12.30 Х.ф. "Приговоренный". 15.00 М.ф. "7-ой гном". 17.30 Х.ф. "Звездный путь". 20.00 "Сүйген сұлу". 22.00 Фестиваль "Бурбай әзіл фест". 1.00 Х.ф. "Пароль Рыба-меч".

АЛАУ

7.00 М.ф. 9.30 Киноclub. 10.00 Торговый дом. 10.20 Baby Гид. 10.50 В ладу с природой. 11.10 Легенды эфира. 11.30 Солнечная кухня. 12.00 ПроАгро. 12.30 РТН Подробности. 13.20 Винтаж. 14.00 Г. Шәмшиеваның өндері. 16.00 Жұлдыз-топ. 17.00 "Госпожа горничная". 20.30 Неизведанный Казахстан. 21.00 Қауіпсіз жол. 21.30 Өмір тынысы. 22.00 Е. Құдайбергеновтың шығармашылық ән кеші. 0.00 Х.ф. "Сговор".

ЕВРАЗИЯ

6.00 "Черные кошки". 8.30 Жа-

ЕВРАЗИЯ

6.00 Т.х. "Черные кошки". 7.50 Таңғы пошта. 8.25 П@утina. 8.50 Жаңалықтар. 9.00 Смак. 9.40 Х.ф. "Счастливый маршрут". 11.45 Фабрика грез. 12.10 "Әйел сыры...". 13.20 101 кеңес. 13.45. Караоке такси. 14.25 П@утina+. 15.20 Х.ф. "Хозяйка большого города". 20.00 "Первая программа". 20.30 X FACTOR. 22.00 Кеші кездесу. 23.30 X FACTOR. 0.00 Т.с. "Метод".

КТК

7.05 Х.ф. "За витриной универмага". 8.40 КТК қоржынынан. 9.10 Жүрекжарды. 10.00 Смотреть всем. 12.00 Новости. 12.50 Наша правда. 14.05 Х.ф. "Ты - мне, я - тебе". 16.00 Т.х. "Махаббат пен өшпенділік". 17.40 Той BestStar. 19.20 Шаншар. 20.00 "Әйел қырық шырақты". 21.00 Оңаян ставка. 22.00 Другая правда. 23.00 "Я стесняюсь своего тела". 1.00 Х.ф. "Старики".

налықтар. 8.45 Воскресные беседы. 9.00 Здоровье. 10.10 "Казлото". 10.50 "Людмила Гурченко. В блеске одиночества". 12.00 Ән дария. 13.05 Кеші кездесу. 14.35 X FACTOR. 16.30 Х.ф. "Любить нельзя ненавидеть". 21.00 Аналитика. 22.00 П@утina+. 23.05 Ән дария. 0.10 Х.ф. "После-завтра".

КТК

7.05 М.с. 8.10 КТК қоржынынан. 9.55 Звездная жизнь. 11.00 Х.ф. "Все вернется". 14.50 Дорога домой. 15.00 "Махаббат пен өшпенділік". 16.40 Біздің концерт. 17.30 Өнерлі отбасы. 18.30 Көңілді отбасы. 19.30 "Әйел қырық шырақты". 20.30 Эксперимент. 21.00 Портрет недели. 22.00 Слуги народа. 23.00 Х.ф. "Роман выходного дня". 1.15 "Я стесняюсь своего тела".

● СОТ ІС ҚАРАДЫ

ОН БІР ЖЫЛҒА СОТТАЛДЫ

Қостанай облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты қоғамда дүрбелең тудырған Рудный қаласының тұрғыны Г.Громоваға қатысты қылмыстық іс бойынша сот үкімін шығарды. Ол өзімен бірге тұрған С.Зайцевті өлтіруге адам жалдауда кінәлі деп танылды.

Тергеу материалдары бойынша, азаматтық некеде тұрған сотталушы мен жөбірленушінің араларында ұлдары болған, одан Зайцев әкелік қамқорлығын аямаған көрінеді. Громова Зайцевпен

қарым-қатынасы басталған кезде, 2008 жылы өзінің жұбайымен ажырасқан, ал Зайцев болса өз отбасында қалып, екі жақты өмір сүруді әдетке айналдырған. Мұндай жағдай көңіліне қаяу салғандықтан әйел ішімдікке әуестене бастайды. Громованың өмір сүру салтын дұрыс санамаған жігіт 4 жасар ұлын өз қамқорлығына алу үшін сотқа жүгінеді. Баланың анасы да қарап қалмай, қарсы шағым жазған.

Ағымдағы жылдың 1 шілдесінде Громова Зайцевқа ұлдарының тұрғылықты жерін анықтау арызынан бас тартатындығын, бірақ бірнеше шарттың барлығын айтады. Яғни, әкесі баласымен күн сайын 1 са-

ғат уақытқа кездесуге және 6000 АҚШ доллары көлемінде материалдық өтемақы төлеу шартын қояды. Бұған келіскен жігіт 2200 АҚШ долларын Громованың қолына ұстадады. Ал, әйел бұл ақшадан Зайцевтің өзін өлтіретін адамға төлеуді жоспарлап та қойған.

Келесі күні Громова тапсырысты қабылдаушы Д.Орловпен кездесіп, Зайцевті өлтіруге тапсырыс беріп, алғашқы жарна ретінде 500 АҚШ долларын береді. Қалған ақшаны тапсырыс жүзеге асқан соң бермекке уәде еткен. Орлов әйелдің арам ойын құқық қорғау органдары өкілдеріне жеткізеді. Шілденің 2-нен 3-іне қараған түні

құқық қорғау органы қызметкерлері Зайцевтің азапталып өлтірілгендігін сомдап, оны ұялы телефон фотоаппаратына түсіріп алады. Ал, 3 шілдеде "кісі өлтіруші" әйелмен кездесіп, оған фотосуреттерді көрсетеді. Ал Громова оған қалған 500 АҚШ долларын берген.

Сот Г.Громованы ҚР ҚК-нің 28 бабы 3 бөлімі, 24 бабының 3 бөлімі, 99 бабының 2 бөлімі 8 тармағы бойынша айыпты деп танып, оған жалпы тәртіптегі түзету колониясында 11 жыл 3 ай мерзімге жаза-сын өтеу үкімін шығарды.

Сот үкімі заңды күшіне енген жоқ.

Қ.МАРАТҚЫЗЫ.

Қостанай



www.kostanaytany.kz
kostanaytany@mail.ru

АҚШАМЫ



жұма
№ 22
6 қараша
2015 ж.

"Қостанай таңының" танымдық-тағылымдық, көңілашар қосымшасы



ТЕАТР

Суретті түсірген автор.

Ибрагим НИЯЗБЕКОВ, Арқалық қазақ жасөспірімдер театрының бас режиссеры:

"ӘР ТЕАТРДЫҢ өз ерекшелігі болады"

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

Жаз бойы гастролдік сапарда болып, жақында театр маусымын ашқан Арқалық қазақ жасөспірімдер театрының ұжымы алға үлкен сеніммен қарап

отыр.

— Әр театрдың өзінің "Театр маусымының ашылуы, жабылуы" деген сияқты төл мерекелері болады. Бұл бір есептен театр әртістерінің болашақта қоятын қойылымдарының бастауы бол-

са, екіншіден көрермендер үшін де үлкен жаңалық, — дейді театрдың бас режиссеры И. Ниязбеков.

Оның театрға бас режиссер болып келгеніне де көп бола қойған жоқ.

23-бет

Қадірін
біл,
бауырым

Ымыра кетіп жамағаттан, құт қашты,
Бөлінгенге мұсылмандық жұқпас-ты.
Тіміскілеп кемшілігін өзгенің,
Ұмытып өзін, жүректерді тат басты!
Мына көзді аңдымаққа бермеген,
Жікшілдік бұл — дерт болды-ау дендеген!
Біреудің етін жегеніңше тамсанып,
Ей, бауырым, қапасты ойла көр деген!
Өз ішінде іріп-шіріп жамағат
Сансыз нығмет талап етер қанағат.
Жүзіндегі, кеудеңдегі көзіңді
Көмшін іздеп соқыр етпе жалаңдап!
Олай етсең, Дінге еткенің дұшпандық,
Бөлінуге тыйым салған Құран нық!
"Адаққан" деп бауырларды жүргенде,
Болып қалма сұм шайтанға құрбандық!
Мұсылманда зор нығмет — дұға бар,
Қос дүниелік қажеттілік сұралар.
Адаққанға Таһәжүдте Алладан

Тура жол тіле, хақ мүмдік сол болар!

Бірінің етін бірі жеген қоғамнан
Қай кезде де бақ, береке жоғалған!
Әрбір сөзін аңдамаған адамға
Тозақ тасы атылады бораған!
Көркем мінез — мұсылманның киімі,
Әдепсіздік — мұнафықтық қиығы.
Өз сөзіңмен жұлмалама өзіңді,
Болса-дағы қиынның ең қиыны!
Ағып жатыр тамырыңда қазақ-қан,
Пұшпақ жерге талай дұшпан таласқан!
Жікшілдікті жойсақ деген талайдың
Басы кетіп, осы жолда қаны аққан!
"Бостандықта ұрпақ өссін" деп баба,
Сіз бен біз деп ажал құшқан қорлана.
Бейбіт күннің қадірін біл, бауырым,
Адамдығың болар, бәлкім, сол ғана!
Өмір-өзен, тыныштыққа не жетсін !!!

Айнұр ӘЛІМ.



БҮГІНГІ САНДА:

Будда



13-бет

Жерлесіміз —
әлем чемпионы



15-бет

Жарыс
жеңімпазы
атанды



16-бет

Сәбидің
денесінен неге
хош иіс аңқып
тұрады?



17-бет





Шұғаның белгісі

әдебиет пен өнер

Арғынбай БЕКБОСЫНОВ

Рубаяттар

Көзіңе көз жасынан бұлақ тұнып,
Бір сырды айтып едің жылап тұрып,
Мен сені содан кейін сүйіп кеттім,
Адамды жарқ еткізер бір-ақ қылық!

* * *

Мақтасақ ұлыны да "Ұлы" дейміз,
Ақтасақ ұрыны да "Ұлы" дейміз,
Шын ұлы ұнатар ма ұлықтауды?!
Қашан бәрін құдайдың құлы дейміз?

* * *

– Кешір, қалқам, өзіңе көп қарадым,
Қарап алып біртүрлі боп барамын...
Қоңыр күзде көктемді аңсаттың-ау!..
Бұдан басқа айтарым... жоқ, қарағым...

* * *

Тұмшалап айналаны қанша ақ тұман,
Еңкейіп еңсе, әбден шаршапты жан!..
Содан ба, ой-санаға жарық берер,
Кісінің кездескенін аңсап тұрам...

* * *

Жиһан кез, шыққын мейлі бар шығанға,
Бәрібір ол елестер жан шығарда!
Туған жер... Оған мәңгі таңған сиқыр –
Кіндіктен алғаш аққан тамшы қан ба?

* * *

Астарлама сөзіңді, астарлама.
Өйте алмасаң бұра сал басқа арнаға...
Сөз астарын ашам деп қанша адамның,
Жалыққанмын, жарқыным! Шаршағанмын.

* * *

– Жастық – жаз өрлер көкке қыз беделі,
Тек, әттең, гүл тажалы – күз келеді.
Жазыңда жасқанып ем, жарқыным-ай,
Күзінде тым болмаса... ізде мені?..

* * *

– Біреу өсек айтады, біреу – кеңес...
Жалықтырды! Жанымды бірі емдемес...
– Өз-өзіңмен сырласқын шыншылдықпен,
Содан тірек табасың түгендеп ес.

* * *

Бір заманда есті, не есер адам:
– Мына Өмірден не таптың? – десе маған,
– Тәтті азап! – дер едім... Жалған болса,
Өз тілімді өкінбей кесе де алам.

* * *



Абыройың ассын, қазағым!

Іргесін хандық қалаған,
Әлемге даңқы тараған.
Жәнібек пен Керейді,
Құрмет тұтқан бар адам.
Рухын елдің көтеріп,
Бостандық, теңдік әперіп.
Кемеңгерлікпен басқарған,
Мейірін төгіп әкелік.
Қиындықты жеңіпті,
Жамандықтан шошымай.
Мінеки 550 жыл,
Сілкініске осындай.
Ежелден қазақ табанды,
Қиындыққа мойымас.
Мың өліп мың тірілген,

Ол ақиқат, ол рас.
Мұқалмаған меселі,
Тисе де тасқа маңдайы.
Айтар сөзін айтыпты,
Тақылдап тілі – таңдайы.
Маажан сенген үміт қып,
Қазіргі ұл мен қыздарым.
Көрсетпесін сендерге,
Өмірдің салқын ызғарын.
Егеменді еліңнің,
Көтеріп көкке байрағын.
Қасиетті далаңның,
Көркейтіңдер аймағын.
Құлшыыңдар құлпырып,
Қиындыққа мойымай.

Еселенсін еңбектер,
Қош көріп қолдап бір құдай.
Құлпырыңдар, жайнаңдар,
Игеріп білім, өнерді.
Аллаға шүкір мерейін,
Жер жаһанмен теңелді.
Елімде зауыт, фабрика,
Өндіріп жатыр бәрін де.
Өзімізден шығады,
Қолға түспес дәрің де.
ЭКСПО-да ерекше,
Нұры тасып халқымның.
Төрткүл мына дүниеге,
Жетері анық даңқымның.

Темір ТІЛЕМІСҰЛЫ.

Қырсығым-ай!

"Сүйем" десем аласың шымшып күнім,
Қалдық тағы сол үшін ұрысып бүгін...
Өзге жанға басқаша көрінгенмен,
Ал, өзіме ұнайды қырсықтығың!
Бой жетсең де бітпейді ерегесің,
Шын сүюдің білмейсің ережесін.
Маған дейін қанша жан қағып кетті,
Ұйықтайтын бөлмеңнің терезесін!
Мінезің жоқ ұялып қысылардай,
Көңіліңнің жазы бұл, қысы қандай?
Маған дейін қанша жан сөз естіді,
Жазып келген хаттарын ұсына алмай!
Сенсің бірақ жаным ерек сыңар,
Түсінемін мен емес себеп сұрар.
Оңайлықпен қасына жуытпайтын,
Барша қызға бұл мінез керек шығар?!

"Мылқау Сезім"

Желілерді жақсы-жаман демейік,
Бұдан күшті болып кетсек көрейік.
Кезіккенмен сөйлеспейміз бәрібір,
Интернетте араласа берейік!
Суретіңе үйренгенмін жасанды,
Ол суреттер сан ауысты, жасарды...
Кей кездері шын жүзіңді көргің кеп,
Деп қоямыз кездеспейміз қашанғы?!
Кезіккенмен аз әңгіме айтамыз,
Жолықпаған жөн секілді қайта біз.
Мен шұқылап, сен шұқылап сотканы,
Үйімізге үнсіз ғана қайтамыз.
Деме қалқам кездесуге қорықты,
Виртуалды өмір бізге керікті!

Сөз құдірет көшкеннен соң саусаққа,
Ауызымыз ашылмайтын болыпты!
Заман көші деп қоямыз жұрт ауған,
Мықты - ауру өзге ауру-сырқаудан!
Көшкеніміз осы болса күн сайын,
Еш жеріміз артық емес мылқаудан!
Қалай ғана ұнаттыңыз сіз мені,
Жазбай қалсаң жаным бірақ іздеді.
Мылқау әлем – Интернетке тәуелді,
Мылқау сезім, мылқау жүрек біздегі!

Жүн шұлық

Бейіт басы...алдым іштей күрсініп,
Отыр мынау жүрегіме мұң сіңіп.
Құлпытаста ақ әжемнің бейнесі,
Енді білдім жалғандығын тіршілік.
Бала кезім жүрген жай бір қырсығып,
"Әже" деппін 3 жасымда тіл шығып.
Соған әжем қуаныпты той жасап,
Бауырыма басамын деп құлшынып.
Дамыл таппас қолыңдағы бір шыбық,
Иірілетін үлгерместен күн шығып.
Таяғына сүйеніп ап сол "жем",
Аяғыма кигізетін жүн шұлық.
Әжем қайтты, құшақтадым қабірін,
Алпысында алып кетті Тәңірім.
Қызық көріп жүретінмін ұршығын,
Жүн шұлықтың білмесем де қадірін.
Қалдым жалғыз шұрқыраған құлындай,
"Жүр дейтұғын бір пәлеге ұрынбай."
Сол ақылшым дүниеден өткелі,
Қойды мынау аяғым бір жылынбай...

Саят ӘБЕНОВ,

Халықаралық мұшайраның жеңімпазы.

Кредит

Кедейлер аз елімде шүкір бүгін,
Бақыр іздеп өткізер бүкіл күнін.
Қайран аға, кредит алыспсыз ғой,
Кердең қағып ал енді құтыр бүгін.

Бір кредит сіңбей-ақ бойыңызға,
Бір кредит тұрады ойыңызда.
Ас беруге аласыз алты жүз мың,
Тағы аласыз тоғыз жүз тойыңызға.

Өмір жайын ақшамен анықтадың,
Ақша барда өйтеуір тарықпадың.

Жақыныңды жат көрдің кредиттің,
Арқасында қаржыға жарып қалдың.

Қарыз деген берілмес, ойла, бекер,
Кезің келді, ағажан, ойға кетер.
Кредитің осы бір қырады итті,
Өтеу үшін ат, сиыр, қой да кетер.

Сені сырттай біреулер тамашалар,
Жан таппасың түбінде арашалар.
Жерде жатқан зат емес ала салар,
Ол ақыры жүрекке жара салар.

Айналса да өмірім ер өсекке,
Мен де кірдім кредит-берешекке.
Жоқ болған соң қайтатар қаражатым,
Берешекті қалдырдым келешекке.

Өлеңімді бастадым кредит деп,
Мойнымызда өзирге кредит көп.
Өтеледі түбінде қарызымыз,
Кредит-ау ойлама бұ не дейд деп.

Тоғайбай БАБЫР.

Науырзым ауданы.

БҰРЫНҒЫНЫҢ СӨЗІ

Жеті жақсы

Бөлтірікке баласы келіп:
– Әке, сіздің жеті жақсы деп айтқан
сөзіңіз ел ішінде әрқалай айтылады.
Жақсының саны, сіз айтқандай, жеті
емес, одан әлдеқайда көп болып ай-
тылып жүр. Соның анығын өз аузыңыз-
дан естиін деп едім, – депті.
Баласының сөзге мән бере баста-
ғанын байқаған шешен: Е, балам, жақ-
сы қанша болса да көптік етпейді, жа-
ман біреу болса да аздық етпейді, –

деп мынаны айтқан екен:
Ақылсыз адым баспайсың,
Ақылыңа сай талабың болмаса.
Жалғыз ақылмен алысқа аспайсың.
Білімсіз бірлік жоқ,
Малсыз тірлік жоқ.
Мал мен білімге сай кісілігің бол-
маса,
Бірлік пен тірліктен опа таппайсың.
Жақсы кәсіп – анық ырыс,
Жақсы сөз – жарым ырыс.
Жақсы кәсібіңе жақсы сөзің серік
болмаса,

Жақыныға да, жатқа да жақпассың.
Осыны ұққайсың.

Балаға ақыл

Бар дүниені шашпа,
Жоқ дүниені кума.
Шашқан шет болар,
Қуған ит болар.
* * *
Ақылы жоқты аға тұтпа,

Қасиеті жоқты қадір тұтпа,
Ақылы жоқты аға тұтсаң,
Кішілігіңді кемшіліктей көрер.
Қасиеті жоқты қадір тұтсаң,
Кішілігіңді ерсіліктей көрер.
* * *

Тегі жаманды тең тұтпа,
Тілегі жаманды ес тұтпа.
Тегі жаманды ес тұтсаң,
Төріңе шығар.
Тілегі жаманды ес тұтсаң,
Төбеңе шығар.



Мұқтар ӘУЕЗОВ

Будда

(Толстойдан)

Ғайса пайғамбар дүниеге келместен жүз жыл бұрын Гималай тауының етегінде бір Саки деген халық тұрды. Патшасы Судходана деген кісі екен. Патшаның екі қатыны болды. Бірақ ешбірінен де бала болмады. Кәрілік алқымдап қалып, артында бала қалмайтындығы уайым болып жүрген уақытта патшаның зор қуанышына үлкен қатыны Майядан бір еркек бала туды. Баланың аты Сейдхарт болды.

Сейдхарт 19 жасқа келгенде әкесі бір ағайынының Базугар деген сұлу қызын баласына алып береді. Баласы мен келінін бір тамаша бақшаның ішіне салынған салтанатты сарайда тұрғызды. Жас Сейдхартаның бақшасы жүректің бар тілегі табылғандай жан саясы бір көрікті орын еді. Судходана жанындай көретін жалғыз меңгерме екен деп, баласының нөкерлеріне: "Баламның көңіліне уайым түсіріп, күңгірт ой ойлатарлық көзіне нешнәрсені көрсетпедер", – деп қатты тапсырып қойды. Бақшасының ішінде не кірлеген, не тозған, не бұзылған ешнәрсені көрмейді. Қасындағы нөкерлері баланың көзіне нешбір жаман нәрсе көрсетпейміз деп, ағаштың сарғайған жапырақтарын да жұлып тастап, оған көртайған хайуандарды да тұрғызбай, орындарына жас, сау хайуандардан әкеліп қойып жүрді. Маңындағы нөкерлері ылғи жас қыз, жас жігіт болды. Осымен баланың көргені өзінің жас бітімдідей саулық, қуаныш, қызық, жарастық қана болды. Осылайша бұл бақшаның ішінде үш жыл өмір өтті. Бала бұл қалыпты өмірден жалығып, басқа адамдардың да өмірін көргісі келді. Бір күні таңертең ерте тұрып Шанна деген көшіріне ат жеккізіп қалаға келді. Қаладағы үйлер, көшелер, көп халық, лавка, бұлдар – бәрі де көруге қызықты нәрселер болып, Сейдхарт көңілін көтеріп жүрді. Бір уақытта Сейдхарт адам суретті бір кейіпсіз нәрсе көрді. Бұл көргені беті албырап, еріні кезеріп, дем алысы бұзылып, ыңқылдап, күрсілдеп қораға сүйеніп отырған бір ауру адам еді. Сейдхарт көшіріне:

- Мына кісіге не болған? – дейді.
- Бұл ауру – деді көшір.
- Ауру деген не?
- Ауру деген: адамның денесі бұзы-

лып мекхнат тартады.

– Бұл неге мекхнат тартып отыр? Біздің ортамызда мұндай кісі неге жоқ?

- Жоқ, бұл адамның бәріне де келеді.
- Бұл ауру маған да келе ме?

Көшір жауап бере алмады. Сейдхарт да қайырып сұрамады. Біраз жер жүрген соң Сейдхартаның пәуескесінің жанына қайып сұраған бір шал келді. Белі бүкірейген, денесі можа болған, буыны қалтылдап, жыртыған көзінен жасы аққан, беті бейнеусіз қырысқан, аузы опырайылған бір жан еді. Сейдхартта жақындап былдырлап ұғымсыз бірдеме айтты.

- Мынау да ауру ма? – деді Сейдхарт.

- Жоқ, бұл шал.
- Шал деген не?
- Шал деген, кәрілік.
- Не себепті мұндай болды?
- Дүниеде көп ғұмыр сүргендіктен.
- Адамның бәрі көртая ма?
- Бәрі көртаяды.
- Мені үйге алып жүр, – деді Сейдхарт.

Көшір атты айдап үйге қарай келе жатыр еді, алдынан көп адам килікті. Бұлар бір өлікті табытқа салып көтеріп әкеле жатыр еді.

- Мынау не? – деп сұрады Сейдхарт.

– Бұл өлген кісі, денесін отқа жаққалы әкеле жатыр.

- Өлген деген не?
- Өлген деп өмірдің біткенін айтады.
- Өмір бітуші ме еді?
- Өлген соң өмір бітеді.

Сейдхарт арбадан түсіп, өлген кісінің түрін көрді. Көзі ақшиған, жақтары тістескен, денесі сірескен бір адам жатыр.

– Бұл неге жалғыз осындай болып қалды? – деді Сейдхарт.

– Бұл әркімнің басына да келеді. Жұрттың бәрі де өледі.

– А! Бәрі де өледі? – деді де пәуескесіне мініп терең ойға түсіп үйіне келді. Бақшаның ішінде бір оңаша жерге барып күні бойы қадалып, көргендерін ойлап отырды.

– Адам біткен ауырады, көртаяды, өледі. Ендеше несіне бұл адам өмір сүріп жүр? Бір сағатта ауырып қалатын болса, сағат сайын әлі азайып, сиқы бұзылып көртаятын болса, болжаусыз бір сағатта өліп қалатынын біліп отырғанда не

қуаныш, не жұбаныш бола алады? Бұны біле тұра қызық көріп қуануға бола ма?

Бұл жөн емес, бұдан құтылу керек. Мен бұған жол табамын, тапқан жолымды жұртқа ұқтырамын деген ойға Сейдхарт бекінді.

Түн болды. Сейдхарт шанаға атын ерттетіп, қақпаны ашуға бұйырып, өзі қатыны жатқан үйге кірді, қатыны ұйықтап жатыр екен. Қатынын оятпай жүрегімен қос-

тасып, нөкерлеріне тықырын білдірмей әке-шешеден, елден безіп атына мініп жүріп кетті. Көп жер жүрді. Қалжыраған соң атын да қоя берді. Бір кез келген сопымен киімін ауыстырып адамды адасқан жолдан құтқару дауасын іздеп жүре берді. Әуелі бетінде халқына ұқтырып жүрген тағлымын білу үшін быраһмандардың (будда табынушылардың) да-нышпандарына келді. Бірақ олардың ұғуындағы адамның жаны өлген соң хайуанға көшеді және нәфсіден тазартуға денені өртүрлі азапқа салу керек дегені Сейдхартқа ұнамады. Бұлардан кетіп қалың орманның ішіне барып алты жыл тұрды. Мұнда ғұмыры ылғи оразамен, ауыр мекхнатпен өтті. Ақырында бұл жолды да ұнатпады. Денені азапқа салып, аштық бейнетін тартып, арып-ашып, жүруге жарай алмай да қалып жүрді. Құр азаппен жанды құтқара алмаған соң өмірін терең ойға, өкінішке жіберуді мақұл көрді. Бұл мақсаттың жолында бірталай қызмет қылған соң, атағы зорайып жұрт ғалым деп құрметтеп, алдына көп шәкірт жиналды. Жұрттың мақтауынан, құрметінен қашып, мақсаттан тайып, әке-шешесі, қатынына қайтқысы келді. Бірақ бұл ойы мінезінің бұзылайын дегені екенін біліп көтермешілерінен, шәкірттерінен қашып ешкім білмейтін бір оңаша жерге кетті.

Оңашада көп заман нәфсі жауымен алысып, бір күні ағаштың түбінде әуелгі тыныштығын бұзған ойды қуып отырғанда адасқан беттен құтылудың анық жолын тапты. Ол айқын жолдар мынау еді: дене деген уақытша ғана нәрсе, уақыт бітсе күйреме, адам денемен тірлік қылып тұрғанда бейнетке де, тозуға да, өлімге де кіріптар. Бұдан қалай құтылу керек? Адамның жаны нәфсімен байланысып тұрғанда өмір сүргісі келеді. Ал өмір қанағатсыз тілекпен, өлімнің қорқынышымен ылғи бейнет туғызады. Сондықтан нәфсінің тілегін жоғалту керек деген Сейдхартаның үміті төрт түрлі хақиқатқа тірелді. Бірінші хақиқаты: адам баласы ғазап көрмек. Екінші хақиқаты: ғазап нәфсіден тұрады. Үшінші хақиқаты: адам нәфсіні жойса, ғазаптан да құтылады. Төртінші хақиқаты: нәфсіден құтылуға төрт саты бар: 1) жүректің оянуы, 2) бұзық мінезден, кекшілдіктен құтылу, 3) шүбәланудан, жаман тілектен, азадан құтылу, 4) жалғыз адамға емес,

барлық жан иесіне рахымды, махаббатты болу. Жаннның ағаруы ұрғашы құмарлықты жоғалтумен болмайды, жаман, бұзық ойдан құтылумен табылады. Жаннның нағыз тазарып ағаруы, бостандығы махаббатта. Нәфсіні махаббатқа жеңізген адам надандық шынжырын үзіп, өлім ғазабынан құтылады, деген.

Сейдхартаның бұл хақиқаты 10 фариызға бөлінеді:

1. Өмірді өлтірме, қор қылма, сыйла.
2. Ұрлама, тонама, еңбегіңнің пайдасын әркімге тигіз.
3. Арамдықтан сақтан, әйелден аулақ бол.
4. Өтірік айтпа, шынды айтуға қорықпа, бірақ махаббатпен.
5. Ойыңнан өсек шығарма, біреудің айтқан өсегін қайта айтпа.
6. Ант ішпе.
7. Бос сөзге уақыт бөлме, істі сөйле, әйтпесе үндеме.
8. Мақтан құма, күндеме. Жақыныңның жақсылығына қуан.
9. Жүрегіңді ашудан тазарт, дұшпаныңды жек көрме. Бар жан иесіне махаббат көзіңмен қара.
10. Сенімсіздіктен құтыл, хақтықты ұғуға тырыс.

Осындай тағылымды Сейдхарт адам баласына насихат қылды. Әуелде шәкірттері бұл жолына түсінбей, артынан қайта алдына жиылды. Быраһмандар Сейдхартаны бұзық көріп қуса да, Сейдхартаның тағылымы халыққа жайыла берді.

Будда қажымастан 60 жыл бір жерден бір жерге көшіп жүріп халықты үгіттеді. Ақыры бір-екі қышлақтың арасында келе жатқанда ажал сағаты келіп жетті. Сол уақытта жасы 80-де еді. Әбден нашарланып әлсіресе де үгітін қоймап еді. Шәкірттерімен бір асуда келе жатып: "Мен қатты шөлдеп тұрмын", – деді. Шәкірттері су ішкізді. Аз дамылдап тағы жүрді. Кішкене жүріп Харане Абад деген өзеннің жағасында бір ағаштың түбіне келіп отырып шәкірттеріне айтты: "Шәкірттерім, маған ажал уақыты таянды, менің өмір бойы айтқан насихатымды естеріңнен шығармаңдар", – деді. Өзінің бір жақсы көретін Ананда деген шәкірті бұл сөзін естігенде шыдай алмай, қырындап аулағырақ барып жылап жіберді. Сейдхарт шақыртып алып: "Сабыр қыл, Ананда, жылама, уайымдама! Ертелі-кешті бұл дүниенің қызығынан айрылмақпыз. Дүниеде мәңгілік не бар дейсің, достарым! – деп басқа шәкірттеріне қарап, – "Менің үйретуімше өмір сүріңдер, нәфсіңіз тозағынан құтылыңдар, мен нұсқаған жолмен жүріңдер. Әрдайым естеріңде болсын: тән ойран болмақ, бұзылмайтын мәңгілік жалғыз хақиқат, сол себепті хақиқатқа жабыссаңдар, жандарыңды құтқарасыңдар".

Данышпан Будданың ақырғы сөзі болды. Сонан кейін көзін мәңгілікке жауып, ақырын дүниеден көшіп жүріп кетті.

ТҮЛҒАЛАРДАН ТҮЙІН СӨЗ

Б.НАПОЛЕОН:

- Бір опасыз бухгалтер бір армиядан да қауіпті.
- Менің шынайы жетістігім 40 шайқасты жеңіп шыққанымда емес (Ватерлоо қақтығысын қоспағанда), өз азаматтық борышымды орындағанымда.
- Байлық – қазынаны иемденуде емес, оны дұрыс игеруде.
- Мен кейде түлкі, кейде арыстан кейпінде боламын. Маңыздысы қай кезде қай кейіпке ене білуде.
- Арыстан бастаған қойлар тобы қой бастаған арыстандар тобын қашан да жеңе алады.
- Саяси қайраткердің жүрегі басында болуы керек.
- Сен менен биік емессің, сен менен ұзынсың.
- Өз әскерін тойдыра алмайтын халық, өзге біреудің әскерін тамақтандыруға мәжбүр болады.
- Соңғы сөз әрқашан ортақ пікірге ұла-

суы керек.

- Дінсіз қоғам компасы жоқ кемемен тең.
- Генерал сіз менен ұзын екенсіз. Егер артық өңгімеңіз көбейсе, мен балансты теңгере аламын
- Түріктерді өлтіруге болады, бірақ жеңу мүмкін емес.
- Мүмкін емес – бұл ақымақтардың сөздігінде қолданылатын сөз.
- Көп сөйлейтін адам көпті де жасай алады.
- Әлемде екі құдіретті күш бар: қылыш пен рух. Соңыра, рух қылышты жеңуі тиіс.
- Сұлу қыз көзге ұнаса, мейірімді қыз жүрекке. Бірі қымбат зат болса, екіншісі баға жетпес қазына.
- Адамға билік бер, сосын оның кім екенін білесің.
- Әскери өнердің құпиясы керек уақытта керек жерде жауыңнан мықты болуда болып табылады.
- Отанға деген сүйіспеншілік – өркендеген адам баласының бірінші артықшы-

лығы..

- Қоғамның әйелдер секілді бір ғана құқығы бар: ол басқарылуға бейім болу.
- Мені жаман хабар келсе ғана оятыңдар, ал жақсы хабар болса – жоқ.
- Уәдені орындаудың ең дұрыс жолы – уәдені бермеу.
- Тақ – жәй ғана өрнектелген орындық.
- Төменге түсіп бара жатқанда емес, жоғарыға жүріп бара жатқан кезде аялдауға болады.
- Аз қателік жіберген адам ғана ұлы қолбасшы бола алады.
- Егер қас жауың қателікке ұрынса, оған кедергі болмау керек. Бұл айбындылыққа жатпайды.
- Сізбен келіспейтіндерден емес, сізбен келіспей, бірақ айтуға батылы бармайтындардан қорқу керек.
- Сіз өз достарыңыздың қандай екенін білгіңіз келе ме? Ол үшін бақытсыздыққа ұшыраудың өзі жетіп жатыр.

М.ЦИЦЕРОН:

- Адамның келбеті жүрегінің айнасы.
- Көп өтірік айтатын адамдар шыншыл болып көрінуге тырысып бағады.
- Сананы тұрмыс билейді.
- Махаббат жастар айтпақшы құмарлықпен емес, сенімділік пен баяндылықпен өлшенеді.
- Планетадағы әр адам өз ақылымен ойланып, өзгенің пікірінен тәуелсіз шешім шығара білуі керек.
- Өмір бойы сүйіп, махаббатыңды төккің келетін адамды да таңдай біл.
- Егер сырқат қатты болса, ұзақ емес, егер ұзақ болса, ауыртпалы емес.



Сұлулар сайысы

Қазан айында Қостанай қаласында "Жоғары сынып сұлуы-2015" байқауы өтті. Жеңімпазға А.Байтұрсынов атындағы ҚМУ-дың білім гранты берілді.

Аталған іс-шара қалалық балалар шығармашылық үйінде өткен болатын. Оған шаһардағы жалпы білім беретін мектептерден 12 оқушы қатысты. Үміткерлер төрт сатының талаптарын орындап, бірінен-бірі озуға тырысты. Жеңімпазды анықтауда қыздардың сырт келбетімен қатар артистік, шығармашылық қабілеттері мен таланттарына да мән берілді. Себебі сұлулық дегеніміз бет-бейненің әдемілігімен ғана өлшенбейді. Сұлулық түсінігі рухани байлық, өнер, шығармашылық, эстетика ұғымдарымен астасып жатқандай.

Байқаудың бірінші кезеңінде қатысушылар өздері дайындаған бейнероликтерді көпшіліктің назарына ұсынды. Сюжетте мектеп өмірінің қызықты сәттері көрініс тапқан. Ал екінші кезең шығармашылыққа арналды. Қыздардың бірі ән айтса, енді бірі би биледі. Фокус көрсетіп, өзгелерден ерекшеленген қатысушылар да болды. Үшінші кезең – би жарыс. Мұнда қыздар XX ғасыр стиліндегі сәнді көйлектерді киіп сахнаға шықты. Қорытынды кезеңде ұлттық стильде сән үлгісін көрсетті. Қазылар алқасының шешімімен М.Горький атындағы гимназияның оқушысы Кәмила Файзуллина "Жоғары сынып сұлуы" атанды. Вице-мисс титулын Ы.Алтынсарин атындағы мектеп-интернатының оқушысы Алтын Болатова алды. Басқа да қатысушылар әртүрлі аталымдар бойынша марапатталды.

СУРЕТТЕ: байқаудан көрініс.

**Бетті дайындаған
Қымбат ДОСЖАНОВА**



Қызық екен

Көне шалбар көшпенділерге тиесілі

"Қытай жерінен әлемдегі ең көне шалбар табылды" деп хабарлайды ScienceNews. Аталған шалбар шамамен 3,4 мың жыл бұрын тігілген.

Жедігер Қытайдың батыс өлкесіндегі Тарым ойысында орналасқан зираттан табылды. Зерттеушілер табылған зат азиялық көшпенділердің біріне тиесілі екенін айтуда. Шалбар жүннен тігіліп, ою-өрнектермен безендірілген.

Біздің заманымызға дейінгі III ғасырдың ортасына дейін әйелдер де, ерлер де ұзын, кең етектегі көйлектер киген. Дегенмен, бұл киім атқа мінуге өте қолайсыз еді. Сөйтіп, өмірі ат үстінде өтетін еуразиялық көшпенділер шалбарды ойлап тапқан. Нәтижесінде екі аяқты қаптап тұратын киім тігіп шығарды.

Бұған дейін ең көне шалбар деп Непалдан табылған, 2400 жыл бұрын тігілген шалбар көрсетіліп

келген еді. Неміс археологиялық институтының қызметкері Майки Вагнердің айтуынша, бұл шалбарды киген адам жүрген кезде аяқтарының ішкі жағы, ауы және ішінің төменгі жағы ұзақ уақыт бойы қысылмай еркін тұрады. Өйткені, бұның барлығы киімді пішкенде алдын-ала ойластырылған. Шалбар киген адам атқа отырғанда өзін жайлы сезінуі үшін әдейі ыңғайлы етіп тігілген.

XIX ғасырдың аяғына қарай теріден иленіп жасалған шалбарларды матадан тігілген шалбарлар көптеп алмастырды. Жүн шалбарды көбіне қойшылар киген.

Шалбарды Еуропаға жеткізген – скифтер. Кейін оны галлдар мен германдықтар қолдана бастады. Рим империясында шалбар варварлардың киімі деп саналған. Оны киген адамға айыппұл салып отырған. Орта



ғасырда Еуропа түгелдей шалбар киетін болды.

Еуропада шалбар тек қана ерлердің киімі саналса, Орта Азия мен Сібірде оны әйелдер де киген.

Ұздігін

таңда!

Сәнді киіну үшін бай болу міндетті емес. Ақшаны ақылмен жұмсап, өзіңізге жарасатын киімді таңдай білсеңіз болғаны. Ең бастысы, биік талғам, үйлесімділікті естен шығармаңыз. Әр адам өзінше бір әлем. Әркімнің табиғаты да өзгеше. Оқырмандар арасында үздік образ, ерекше стильге байқау жариялап отырмыз. Үйлесімді киіне білесіз бе? Ендеше байқауға қатысыңыз! Фотосуреттерді мына электронды мекенжайда қабылдаймыз: kostanaytany@mail.ru немесе 8



(714 2) 54 28 42 телефонына хабарласыңыз.

№2 қатысушымыз – Эльмира Көбекова. Қостанай мемлекеттік университетін бітірген. Қазіргі уақытта ҚМУ-да білімін жетілдіріп, магистратурада оқып жатыр. Эльмира университет қабырғасындағы "Өнер" студиясында хореография үйірмесіне қатысқан. Арнайы сертификаты бар. Біздің байқауға ресми іскерлік стильді ұсынып отыр.

Қазақстанда жасалған "MALIKSHOES"

Импорттық тауарларды тұтынып, шетелдік киімдерді киетініміз жасырын емес. Отандық тауар өндірушілердің халықтың сұранысын қанағаттандырып отырғандығы өз алдына бөлек әңгіме. Маңыздысы, Қазақстанда жасалған тауар түрлері уақыт өте көбейіп келеді. Мәселен, Лисаков қаласындағы дизайнер Мәлік Шемболатов эспадрильи аяқ киімін тігуді қолға алды. Жас дизайнердің қолынан шыққан өнімдер елордадағы сауда нүктелерінде сатылуда.

Эспадрильи деп табиғи матадан тігілген жазғы аяқ-киімді айтады. Мұндай аяқ-киім үлгісі XIII ғасырдың басында Испанияда пайда болған. Оны ерлер мен әйелдер де кие береді. Лисаков қаласындағы дизайнер Мәлік Шемболатов аталған аяқ-киімді тігуді 2014 жылдың



тамыз айында бастады. Испандық эспадрильи жіптен жасалса,



лисаковтық дизайнер резеңке, мақта, иленген жұмсақ теріні қолданады. Қажетті материалдарды Ресейден немесе Астана қаласындағы дүкендерден алады. Классикалық үлгідегі бір эспадрильиді тігуге бір күн кетеді екен.

Мәлік Шемболатов жетпіске жуық аяқ-киім тігіп, елордадағы сауда орындарында "MALIKSHOES" деген атаумен сатуда. Сонымен қатар, қазақстандық дизайнерлердің әртүрлі көрмелеріне қатысып, тәжірибе жинақтауда.



Шынықсаң, шымыр боласың!



ДОДА

“Қостанай таңының” спорт беті

Полиатлон

Жерлесіміз – әлем чемпионы

Кенже
ҚОНЫСБАЙ

Мәскеу облысына қарасты Калуга қаласында роллерлік полиатлоннан әлем біріншілігі өтті. Латвия, Ресей, Финляндия, Эстония, Украина мен Белоруссия спортшылары бақ сынасты. Ылғи мықтылар бәсекеге түскен спорттық додада Қазақстан намысын жерлесіміз Айбек Байділдинов қорғап, елге жеңіспен оралды.

Жарыс қорытындысы бойынша жалпы есепте Айбек көш бастап, алтын медальға қол жеткізді. Сонымен қатар, осынау ерекше спорт түрінен “Халықаралық деңгейдегі спорт шебері” атағын иеленді. Айбектің спорттық қабілеті мен шеберлігі Ресей жұртшылығын, әлемдік деңгейдегі төрешілерді тамсандырған. Елге абыроймен оралған жерлесіміз арқаны кеңге салмай, спорттық бабын сақтап қалу үшін дайындығын тоқтатпайтынын айтады. Алдағы уақытта да ел байрағын әлем алдында төбеге көтергісі келеді.

Суретті түсірген Бағдат АХМЕТБЕКОВ.



Футбол

Биылғы жетістік – жетінші орын



ҚР Премьер-лига командаларының арасында өткен кезекті 31 тур ойындарына сәйкес Қостанайдың

“Тобылы” Көкшетаудың “Оқжетпесін” қабылдап, 1:0 есебімен басым түсті. Кездесуде соғылған жалғыз доптың

авторы Игорь Юрин.

Ойынның 25-ші минутында қорғаушы Нұртас Кургулиннің шығарған пасын ұрымтал сәтте әдемі голға айналдыра білген И.Юрин өз командасына маңызды үш ұпай әперді. Осыдан кейін қоржынына 30 ұпай салған жерлестеріміз турнир кестесіндегі 7-ші орынға мықтап жайғасты. “Тобылдың” өкшесін басып келе жатқан көкшелік команданың еншісінде 26 ұпай бар.

Енді қостанайлық аяқдоп шеберлері биылғы чемпионаттың соңғы ойынын сырт алаңда, Талдықорғанның “Жетісумен” өткізеді. Матч 8-ші қараша күні болады.

Суретті түсірген Айбек ЖҮЗБАЙ.

Сарыкөлдік спортшылар үздіктер сапында

Руслан
ӘЛКЕЕВ

Таяуда Қостанайда еркін күрестен 2000-2002 жылғы қыздар арасында облыстық чемпионат өткен болатын. Міне, осы жарыстан сарыкөлдік жас палуандар жеңіспен оралды. Ең үздіктер күш сынасқан сайыста Чехов орта мектебінің оқушысы Айсұлу Нұрғалиева жеңімпаз атанды. Ол енді облыс атынан ел чемпионатына қатысады. Сонымен қатар, сәтті өнер көрсеткен Урицкий орта мектебінің оқушысы Анастасия Литвинова (37 келі) екінші орынды еншілесі, №1 Урицкий орта мектебінің жоғары сынып оқушылары Екатерина Лагода (52 келі) мен Ирина Гнатишиналар (44 келі) үштіктен көрінді.

Сондай-ақ, бір спорты бойынша облыста өткен ашық чемпионатқа Барвин ауылдық мектебінің оқушылары бақ сынап қайтқан болатын. Олар да олжасыз оралмады. Айталық, Василий Мищенко, Қуандық Жан-

тасов және Дарья Сопколар алтыннан алқа тағып, облыстық атлеттер арасында жеңімпаз атанды.

Барвиндіктер бұнымен шектеліп қалған жоқ. Алтынсарин ауданында 1998 жылғы жасөспірімдер арасында қол күрестен өткен ашық турнирдің ең үздік спортшылары атанды. Олар – Семен Чернышев, Василий Мищенко, Дмитрий Коченда, Игорь Филипенко және Михаил Рыжик, енді облыстық құрамаға енді.

Ал Ұлы ағартушы-педагог Ы.Алтынсаринді еске алуға арналған облыстық жеңіл атлетика жарысында да біздің желаяқтар жаман өнер көрсеткен жоқ. 9 шақырым қашықтықта түрлі жас ерекшелігі арасында Сарыкөл құрамасының жаттықтырушысы Светлана Максименко және ардагер спортшы Игорь Кухаренко жүлделі екінші орындарды жеңіп алса, ал Анатолий Засухин үшінші орынды місе тұтты.

Сарыкөл ауданы.



Жас палуандар жеңіспен оралды

Жуырда Ақмола облысының Шучинск қаласында еркін күрестен 1994-2006 жылғы жасөспірімдер мен қыздар арасында Кеңес Кәрімовты еске алуға арналған ашық облыстық турнир өткен болатын. Бұл жарысқа ауданымыздың намысын арқалап барған спортшылар бес салмақ дәрежесінде топ жарып, жақсы жетістікпен оралды.

Атап айтсақ, 28 келі салмақта өнер көрсеткен Нина Копачану барлық қарсыластарынан басым түсіп, турнир жеңімпазы атанды. 48 келіде күш сынасқан палуандардың ішінен жерлесіміз Мария Фирсованың бағы жанса, 32 келіде Диана Шостак алтыннан алқа тақты. 48 келідегі Александра Фирсова күміс медальға ие болса, 30 келідегі Дана Биттер жүлделі III-орынды еншіледі.

Айта кетейік, жас палуандарды додаға дайындап апарған бапкер Нұрсұлтан Баязитов болатын.

Жаңабай АХМЕТОВ.

Қарасу ауданы.

Волейбол

Колледж директорының КУБОГЫ

Мұрат
ЖҮНІСҰЛЫ

“Жігер” стадионында салауатты өмір салтын қалыптастыру және насихаттау, спортшылардың шеберліктерін шыңдау, волейбол ойынын дамыту мақсатында Арқалық медицина колледжі директорының кубогы үшін волейболдан қыздар арасында жарыс өтті.

Жарысқа АрқМПИ, ТГК, ТАТК, АПК, АрқКК жоғары және кәсіптік оқу орындарынан, қалалық білім бөлімінен және қала мекемелерінен командалар қатысты.

Аса тартысты өткен жарыс нәтижесінде АрқМПИ командасы I-орын, ТГК II-орын, ҚББ III-орынды иеленді.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Арқалық медицина колледжінің Кубогы, грамота және медальмен марапатталды. Сондай-ақ, үздік ойын көрсеткен ойыншыларға да мадақтама тапсырылды.

Арқалық қаласы.

Еркін күрес

Турнирдің бас жүлдесі өзімізде қалды

Қамыстыда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған ерлер және әйелдер арасында еркін күрестен VII ашық Республикалық турнир өтті.

Шаршы кілем бәсекесіне елдің 10-нан астам облысының және Тобыл өңіріндегі қала-аудандардың палуандары қатысты.

Биылғы турнир Қазақ хандығының 550 жылдығы мен Қамысты ауданының құрылғанына 60 жыл толуына орайластырылды.

Осы турнирге ұзын саны 21 команда, 200-ге жуық спортшы қатысты. Жалпы командалық есепте бірінші орынға Қамысты ауданының палуандары, екінші орынға Ақтөбе қаласының командасы, үшінші орынға Рудный қаласының білектілері ие болды.



Бетті әзірлеген Айбек КӘДІРҰЛЫ



Айналайын

Мектеп оқушыларына арналған бет

Бәрі де сұлу, көркем

Ел байлығын арттырған берекелі күзде Қостанай қаласындағы №3 бөбекжай-балабақшасының ересек топ тәрбиеленушілерімен бірге "Күз ханшайымы-2015" атты мерекелік ертеңгілік өтті. Залдың іші ерекше безендірілген. Кішкентай бүлдіршіндеріміз күз мерекесіне сай ерекше киінген. Кішкентай ханшайымдарымыз сайысқа бар өнерлерін салып, дайындалған екен. Сайысымыз 4 кезеңнен тұрды. Таныстыру кезеңінде кішкене қыздарымыз өздерін жан-жақты екендерін көрсетті. 2 кезеңде сайыскер кішкене қыздарымыз ән айтып, би билесе, екіншісі акробатикалық өнерін ортаға салды. 3 кезеңде үй тапсырмасы бойынша ата-аналарымен бірлесіп күз кереметтеріне байланысты өз қиялдарына ерік беріп, жасаған жұмыстарын қорғады. 4 кезеңде күзгі сән үлгісін көрсету болды. Бүлдіршіндеріміз нақ бір сәнбике



өпкелері секілді өз киім үлгілерін таныстырды. Сайыс қызу әрі тартысты өтті. "Күз ханшайымы-2015" болып Адия Ғалымжанова атты

кішкене қызымыз атанды. **Перизат ҒАЛЫМЖАНҚЫЗЫ**, тәрбиеші. Қостанай қаласы.

Біздің үкілі үмітіміз

Балалардың жан дүниесіне үңіліп, бойындағы дарынын әрі қарай дамыту ұстаз жұмысының бір бөлшегі. Сондай дарынды оқушылардың бірі Жасұлан Өтемұратов. Ол Рудный қаласы №19 орта мектебінің 8 "А" сыныбында оқиды. Жасұлан өте мейірімді, сыныбында сыйлы, қай кезде болмасын қасындағыларға қолұшын беріп, қуанышқа ортақтасып, көмектесуге дайын тұрады. Жасұлан кішкентайынан өлең айтып, сахнаға шығып шыңдалып, әншілік өнерге төселіп келеді. Репертуарындағы халық әндерін, қазақ, орыс композиторларының әндерін нақышына келтіре еркін орындай алады. Ол мектептегі вокал үйірмесіне қатысады. Музыка пәнінің мұғалімі Гүлжихан Омарова апайдың үйреткен шеберлік құпияларын кәсіби тұрғыдан меңгеріп, сайыстарда алдыңғы орындардан көрініп жүр. Мектепішілік өнер сайысында "Өнерлі өрге жүзер", "Күміс көмей" атты номинацияларына ие болды. Қалалық "Әнші балапан" сайысында III-дәрежелі лауреат атанды. "Летят журавли-2015" қалалық фестивалде I-дәрежелі дипломмен марапатталды. Қараша айында Алматы қаласында өтетін XII республикалық "Ақ көгершін" фестиваліне жолдама алып, облыс намысын қорғайды.



Ж. БАБАХАНОВА,
сынып жетекшісі.



Хат қоржынынан

Жарыс жеңімпазы атанды

Кеше ғана мәжіліс депутаты, генерал-лейтенант А.Тасболатов патриоттық әндерімен жастарды тәрбиелеудегі зор еңбегі үшін жергілікті сазгер, Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері Айтбай Мұздахановты құттықтап, С.Нұрмағанбетов атындағы медальді жіберген еді. Арада бір жеті өтпей сол сазгер ауылының мектеп оқушысы Аружан Бөстекбаева Астана қаласында өткен 17-республикалық "Жас Ұлан" армия әндері байқауынан "Вокал" номинациясы бойынша III-орын алды. Қазылар алқасының төрағасы генерал-майор М.Таласов жас өнерпаз өнеріне зор баға беріп, ризашылығын білдірді. Осылай-



ша Қарасу ауылы бір жетінің ішінде екі генералдың марапатына ие болды. Өнер жарысына облыс атынан қатысып, жеңімпаз атанған әнші мен оның ұстазын аудандық әскери комиссариат қызметкерлері қабылдап, лайықты сый-сияпатын жасады. Өткен оқу жылында осы мектептің оқушысы Ерлхан Қалижан Астанада өткен патриоттық әндерді орындаушылар байқауында А.Мұздахановтың "Барыс жүрек – Бауыржан" әнін орындап, дипломант атанып абыройға бөленген еді.

Гүлжауһар БОРАНБАЙҚЫЗЫ,
Жасбуын орта мектебі.
Аманкелді ауданы.

Тіл туралы ойлар

Мені қазіргі жаһандану дәуіріндегі тіліміздің болашағы алаңдатады. Үш тілді білу керек деген сөзді желеу еткен жастарымыз ана тілін ысырып қойып, орыс тілінде сөйлеуді сәнге айналдырды. Ал орысша білмейтін жастарды "ауылдықтар" деп атайды. Сондықтан, олар күлкіге немесе "сәннен" қалмау үшін, тілді шұбарлап, тілдің бөделіне нұқсан келтіреді. Бұл менің күнделікті өмірден көріп, түйгендерім. Иә, тез дамып келе жатқан әлемнің көшінен қалмау үшін үш тілді меңгеру керек, Алайда, бұл – туған тілді ұмыту деген сөз емес қой. Қазір, дүкен, дүңгіршек, ойынхана, той орындарының атауларын орыс, ағылшын тілінде ғана жиі ұшыратамыз. Бұл да туған тілді кейінге қойғанмен бірдей сияқты көрінеді де тұрады маған. Сіз қалай ойлайсыз, дос-құрбы?

Динара ӘБДІКӘРІМОВА,
9"А" сынып оқушысы,

Ғ. Жұмабаев атындағы Боровой орта мектебі.

Меңдіқара ауданы.

Кейіпкер – ПЕРИЗАТ



Кітапты сүйе білуге, кітапты қадірлеуге баулу мақсатында аудандық орталық балалар кітапханасы "Ең үздік оқырман" бенефисін өткізді. Осы іс-шараның кейіпкері Аманкелді орта мектебінің 9"ә" сынып оқушысы Перизат Серікбай лайық деп танылды. Перизат жалпы дарынды, бетке ұстар оқушылардың бірі. Мектепішілік әр түрлі байқауларда жүлделі орын алып, кітапхананың іс-шараларына белсене атсалысады.

Кеш өте қызықты, тартымды өтті. Оқырмандар кеш қонағына сұрақтар қойып, қызықты әңгімелер айтылды.

Зарина МҰСАБАЕВА,
Аманкелді ауданы.



Бөлімді
Гүлназым Сағитова
жүргізеді
sagitovaGB@mail.ru

Жол қауіпсіздігі – өмір қауіпсіздігі



Қазіргі таңда белең алып жатқан өзекті мәселе – жол-көлік оқиғалары. Оған басты себеп – жол ережесінің сақталмауы. Міне, осындай келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында мектебімізде жолда жүру ережесіне байланысты жол ин-

спекторының жас достарымен біріге сайыс өткіздік. Осы сайысты қызықты әрі, тартымды етіп өткізуде жол инспекторының жас достары аянбады. "Жол белгілері әлеміне саяхат" деп аталатын сайысқа 5-сынып оқушылары қатысты. Барлығы 4 топ болды,

әр топтан 4 ұл бала, 4 қыз бала шығып, өзара сынға түсті.

Топтар сайыс кезеңдерінен сүрінбей өтіп, өздерінің қаншалықты мықты екендіктерін көрсетті. Қатысушылар үшін "Велосипедшілер" бекеті мен "Жол белгілер" бекеті қызықты болды. Кедергілерден велосипед арқылы 5 минут уақыт ішінде өздері білетін жол белгілерінен өтулері керек. Қыздар үшін "Алғашқы көмек" бекеті өте тартымды болды. Себебі, бұл бекетте мектеп медбикесімен бірге сұрақтарға жауап беріп, жарақат түрлеріне байланысты тәжірибе көрсетті. Ал, "жол ережесі" бекетінде барлық топтар жол ережесі туралы білімдерін тексерді. Сайыс қорытындысы бойынша жоғары 50 ұпай санын жинап, бекеттерден еш сүрінбей өткен 5 "Ә" сынып оқушылары болды.

Г. ҚОНЫСБЕК,
№7 орта мектебінің
бастауыш сынып мұғалімі.
Рудный қаласы.



Бетті өзірлеген: Үш қыз

Кірдің суы – жынның суы

Есімді білгеннен біздің ауылдағы Орал есімді жігітті танимын. Жас шамасы 27-28-ге келіп қалған деседі білетіндер. Сырт келбетіне алыстан көз салсаңыз, алтыншы сыныптың оқушысы сынды. Тек жақындай түссеңіз ғана отызға жетіп қалғандығына көзіңіз жетеді.

Ауылдағылардың айтуынша, Орал көп балалы үйде өмірге келген екен. Дене бітімі ғана емес, ақыл-есі де жетілікпей қалған. Бастауыш кластық білімі бар. Төртінші сыныптан кейін мектепке бармаған. Оның себебі де жоқ емес.

Ең алғаш дүниеге келгенінде ақыл-есі бүтін болыпты. Тіптен тілі де ерте шыққан екен. Сол себепті де ата-анасы оны алты жасқа толысымен ойланбастан бірден бірінші сыныпқа апарды. Мектепте озат оқымаса да қатарынан қалмайтын. Балалардың ішінде "атаманы" да өзі болыпты. Ойын десе ішкен асын жерге қоятын. Сабақтан келе сала, асық ойнап немесе шана теуіп кетеді екен. Қолды-аяққа тұрмайтын баланың пайдасы шамалы болғаннан соң, үйіндегілері де аса жұмсамайтын.

Бірде әдеттегідей сабақтан алып-ұшып жетеді де, жеңіл-желпі бірдеңені жей сала далаға шықпақшы болады. Үйде анасының кір жуып жатқандығын байқады. Орал үшін үйдегі тірліктің не болып, не қойып жатқандығы маңызды болмайтын. Кенет далаға шығуға оқталған сәтін байқаған анасы, әкесінің жұмыста екендігін айтып, кір жуған лас суды төгіп беруін өтінеді. "Туууу, мааам, Русланға төккізе салсаңшы, несі кетеді, ең құрығанда бір шелекті көтере алатын шығар!" Оның жауабы осындай болды. Дегенмен, мектепке әлі бара қоймаған Русланның су төгуге шамасы жетікпейтін. Амал жоқ, бұл жұмыс кіші інісіне қалды. Көтергенінше көтеріп, шашып-төгіп апарып Руслан ол суды үйдің маңайына шаша салады. Әкесі жұмыстан келгеннен соң, анасы екеуі жақын достарының үйіне қонаққа кетеді. Әдеттегідей Оралдың бауырларының сырттарынан үлкен қара құлыпты іледі. Ал ойыннан күнделікті әдетінше түн батқанда келген Оралға ешкім есік аша қоймапты. Қараңғыда кілтті әрі іздеп, бері іздеп таппаған ол үйдің бұрышына қалжырап құлай кетеді. Ойын баласының шаршап құлағанын көрген әке-шешесі түнгі екілер шамасында балаларын оятып, үйге кіргізіп, жатқызады. Ертеңінде Оралдың сабаққа баруға шамасы келмейді. Сірә, қатты шаршаса керек. Алайда, ол сол ұйықтағаннан кешкі ақшам уақытында бір-ақ оянады. Дел-сал күй кешкен ол әлсіреп, сандырақтай беріпті. Ауруханаға жеткізілгенімен ешқандай дәрігер нақты диагноз қоя алмады. Амалдары қалмаған ата-анасы қазақы емге жүгінеді. Ал, емшінің айтуына қарағанда балаға көз де тимеген, сөз де өтпеген, кәдімгі жандар соққан. Лас, нас жерлерде шайтанның араласатынын көп еститінбіз мүмкін содан ба екен, немесе беймезгіл уақытта ұйықтағаннан болды ма кім білсін... Емшінің, имамдардың айтуынша, кеш түсе бастаған уақыттарда, яғни ақшам мезгілі жеткенде жандар оянады екен сол уақыттарда, жалпы адам баласына ұйықтауға болмайды деседі. Қанша уақыт өтсе де баласын емдете алмаған ата-ана үміттерін біржола үзіп, мектептен де шығарып алды. Осыдан кейін оның ақыл-есі де, дене бітімі де сол қалпында жетілмей қалып қойды. Бір қызығы, Орал осы уақыттан бастап, біртүрлі күйге ене бастаған деседі. Қанша жерден жынды десек те, көріпкелдік қасиетке ие болған. Ауылда орын алатын оқиғаны алдын ала сезіп қоятыны бар. Әуелде оған ешкім мән бермейтін. Кейіннен келе көздері жете бастады. Оған мысал, біздің үйден төрт үй әрі тұратын Көкшебай ағаның қорасы, малы, машинасы түгел өртеніп кетерде Орал сезген. Көкшебай ағаға келіп, "машинаңды сыртқа шығарып қойсаңшы, өрт шықса, ішінде бензин бар атылып кетесің ғой", – деп ескертсе керек. Далада сандырақтап, сөйлеп жүргеніне мән бермеген болатын, шынымен де мал өрістен қайтып, үйде алаңсыз тамақ ішіп отырған сәтте өртке оранған қораның куәсі болады. Сондай-ақ, жаздың күні отбасымен алаңсыз көуап дайындап жатқан Дидардың есік алдына келіп Орал, "Дидар, қой сойғанбысың? Неге әуре болып жатырсың, ертең тағы да соясың ғой малыңды", – дегені бар. Расымен де, ертеңінде Дидардың жасы жетпіске келіп қалған анасы дүниеден озды.

Бала күнімізде атам мен әжем кірдің суын адам аяғы баспайтын жерге төгуімізді айтып отыратын. Солай қалыптастып өстік қой. Әжемнің айтуынша, кірдің суы – жынның суы екен. Тазалық болмағандықтан ол жерді жын-шайтандар мекен ететін көрінеді. Ал, көріпкелдерді де жындармен сөйлеседі де болашақты біліп отырады деседі. Мүмкін Орал да сол түні інісі шашып жіберген кірдің суының үстінде ұйықтап қалды ма екен? Кім білсін...

Маржан АЛПЫС,
студент.



Қасиетті төмпешік жаныма шипа болды

Мен Әуликөл ауданының Қаймақкөл ауылында тұрамын. Осы ауылға көшіп келгенімізге де біраз жылдың жүзі болды. Қыздарымызды ұзатқан, біздер үшін құтты мекен болды. Өзім мектепте мұғаліммін. Менің айтайын дегенім, мүмкін біреулер үшін қызық әрі пайдасы да болар.

Жақында бар денем құрысып, шаншып қатты ауырдым. Сезіп жүрмін, бұл ауру жай емес. Жасырып қайтейн, қатты қорықтым. Бұрылып есікті өзім жабуға да

жарамай қалдым. Өстіп жүргенімде біреулерден Аманқарағай ауылының маңында қасиетті төмпешік бар екенін естідім. Адам ауырғанда дертіне емнің жолын іздейді. Неге болса да сеніп барады. Жолдасымды ертіп алып, сол жерді іздеп бардық. Жұрттың айтуы бойынша жерді іздеп, бір сағат жүрдік. Біраз адастық. Сөйтсек, Аманқарағайдың Бангладеш деп атап кеткен аумағы бар екен. Сол жерден тауып алдық. Темір жолдың бойында

орналасқан.

Біз барған шақта сол маңай толған машина. Кем дегенде 5-6 отбасы жүр. Әрбіреуі әр жерде домалап-домалап жатыр. Бірінші күні ештеңе біле қоймаймыз, мен де көптің бірі болып, бір жерге жантая кеттім. Бір сағаттай жатым. Шынымды айтайын, сол күннен-ақ маған ұнады. Денем жеңілдеп, көңіл-күйім көтерілгенін сездім. Осылай біз бес күн қатарынан бардық. Мүмкін менің сезіме біреулер сенбес, осы аурудан айықтым. Шүкір деймін. Ауруханаға да қаралып жүргенмін, олар қалай тез жазылдыңыз деп жатыр.

Бұл жерге сонау Ресейден де келіп жатқандар бар. Күннің суықтығына қарамастан келіп, жерге жатады. Әлгі жерді магниттелген дейді. Өзіңіз темір ұстасаңыз сезіліп тұрады. Жердің астында бір қасиетті күш бар екені рас. Бір жақыныма да айтқанмын. Ол да барып жатып келді. Бір қызығы, қазір күз уақыты болса да, жерден еш сызды сезінбейсің. Мүмкін біреулер білер, біреулер білмес. Сенер, сенбес бірақ ауырған жан іздеп барса, кім білген, жанына шипа болар.

Құралай ӘУЕЗБЕКОВА.

Қаймақкөл ауылы,
Әуликөл ауданы.


СӘБИДІҢ ДЕНЕСІНЕН неге хош иіс аңқып тұрады?

Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері Агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш; 2) 3х4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама; 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері; 4)еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі; 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама; 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі; 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландырудың соңғы жарияланған сәтінен бастап 10 жұмыс күні ішінде кадрлық жұмысы бөліміне тапсырылуы тиіс.

Азаматтар жоғарыда аталған, құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей береді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар олардың әңгімелесуге жіберілгендігі туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде әңгімелесуден өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін кешіктірмей кадрлар бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес облыстарда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа да мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасының Парламент және мәслихат депутаттары қатыса алады.

Азаматтар конкурсқа қатысушығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

Еске алу

Бүгін Гүлжайнаны достары, құрбылары, фәниде сыйласқан ағайындары тағы бір мәрте еске алудамыз. Осыдан бір жылға таман уақыт бұрын ол көлік апатынан қайтыс болғанда, ағайын-туғанына ең алғаш басылымдар арасында көңіл айтқан да біз – "Қостанай таңы" газеті болатынбыз. Қыршынынан қиылған Гүлжайнаның бейнесі мәңгілік біздің жанымызда деп, бүгінгі еске алуда оның ақыл айтар ағалары болған Серікбай Оспанұлы мен Заңғар Санайдың пікірі мен өлеңін жариялап отырмыз.

ӨКІНІШ

(Гүлжайнаға)

**Әні мен өлеңін шығарған
Серікбай Оспанұлы**

Тым биік еді,
Тұңғық еді арманың,
Жарық жұлдыз ең жарыққа толды
жан-жағың.

Өкініш неткен жасындай ағып,
Гүлжайна,
Егілген елмен қоштаса да алмай
қалғаның.

Әнді ғұмырың өзгерді сәтте
қас қағым,

Мұзға айналып жер
мұңға айналды да аспаның.

Табаны тайғақ екен-ау тағдыр-
сұмның да,

Түтігіп әлем, үзіліп кетті

жас жаның.
Сені аңсамаған өмір –
өнерде бар ма шың,
Әнге айналғансың,
өртеңіп талай жанғансың.
Гүлжайна десе, Гүлжайна едің,
гүл жайнап
Салған өндерің мәңгіліктерге
жалғансың!

**Заңғар САНАЙ,
Республикалық "Астана" телеарнасының меншікті тілшісі:**

Жайықтың талантты қызы Тобыл өңіріне тез танылды. Әсіресе, Қостанайдағы ән сүйер қауым оның әуеніне құштар болды. Гүлжайна шаһардағы барлық мерекелік-шараларға атсалыса жүріп, ақ пейілмен шақырған адамдардың тойына да әннен шашу шашты. Осылайша, бойындағы өнерімен, өзіне тән сыпайы мінезімен, көрікті бойжеткен аз уақытта көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Жүзі жарқын, жүрегі таза, көңілі пәк Гүлжайна көптеген байқауларда Қостанайдың намысын қолдан бермей, жүлдемен оралды. Соңғы рет башқұр елінде өткен халықаралық ән фестивалінде өзгерлерден өресі биік өнер иесі екендігін көрсетіп қайтты. Болмысында бауырмалдық қасиеті бар батыстың қызы баршамен тез тіл табыса кететін. Сондықтан шығар оның құрбы-құрдас, дос-жарандары көп болды.



Марқұм – құрдасына қуаныш, жылағанға жұбаныш, сырласына сынық, туғанына тұнық, ата-ананың алдында аласа, ар-ожданның алдында биік болып өтті. Ол – үлкенді сыйлайтын, кішіні жамандыққа қимайтын тілеулес жан еді. Жазмыштан – озмыш жоқ. Алланың берген ғұмыры келте болғанымен, өз белесін бағындырып кеткен ел еркесінің жарқын бейнесі мәңгі жадымызда қала бермек. Жаның жәннатта болсын Гүлжайна!

ЕСКЕРТУ: Гүлжайна Ғұмарованың еске алу концерті 9 қараша күні сағат 18.30-да Е.Өмірзақов атындағы облыстық филармонияда өтеді.

"Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесі бос әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға орналасуға конкурс жариялайды:

D-O-3 санатындағы "Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің әкімшілік бөлімінің басшысы.

Лауазымдық жалақысы істеген жылдарына қарай 84563 теңгеден 114032 теңгеге дейін.

Лауазымдық міндеттері:

Бөлім құзыретіне қатысты мемлекеттік құжаттардың, бағдарламалардың іске асырылуын, басқарманың әкімшілік, құқықтық, ұйымдастырушылық қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Басқарма құрамымен жұмыс істеу жүйесін ұйымдастыру. Мекеменің мүдделері заңдық қорғауды ұйымдастыру. Мекеменің бухгалтерлік, басқарушылық, салықтық және қаржылық есептерін жүргізуді ұйымдастыру мен бақылауды жүзеге асыру. Желілік қаржыландыру кестесін ұйымдастыру. Бюджеттік қаржының жұмсалып бақылауды және қаржыландыру жоспарларының орындалуын бақылауды жүзеге асыру. "Тауарлар, жұмыстар және қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы" Заңының сақталуын бақылау, мониторингілеу және іске асыру. Басқарманың бухгалтерлік есебін жүргізу. Аумақтық Қазыналық органымен қаржыландыру жоспары орындау жұмысы. Бюджеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуын бағалауы. Мемсатыпалудың жылдық жоспарын және жұмысын дайындайды. Айлық және тоқсандық есептілікті жасау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, жеке және заңды тұлғалар өтініштерімен жұмысын ұйымдастыру және бақылауды жүзеге асырады. Зейнетақы аударымдарын жинақтау зейнетақы қорларына, әлеуметтік аударымдарды Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына уақытылы аудару. Активтер, МБП, материалдар бойынша тағдалмалық есеп жүргізу. Қызметкерлердің аванстық есептерін тексеру. Кассалық операцияларды жүргізу.

Конкурсқа қатысушыларға талаптар: жоғары экономикалық (бухгалтерлік есеп, экономика, қаржы және кредит).

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

2) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;

4) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдік жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар

даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

5) немесе ғылыми дәрежесінің болуы.

D-O-3 санатындағы "Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінің жастармен және жастар ұйымдарымен жұмыс жөніндегі бөлімінің басшысы (негізгі қызметкердің бала күтіміне байланысты демалыс кезеңіне).

Лауазымдық жалақысы істеген жылдарына қарай 84563 теңгеден 114032 теңгеге дейін.

Лауазымдық міндеттері:

Бөлім қызметіне жалпы басшылықты, бөлімге жүктелген функциялар мен міндеттердің уақытылы және сапалы орындалуына бақылауды жүзеге асыру. Қазақстан Республикасы Президенті, Қазақстан Республикасы Үкіметі актілерінің, Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі тапсырмаларының, облыс әкімі шешімдері, өкімдері мен тапсырмаларының орындалуын бақылауды жүзеге асырады. Стратегиялық жоспарды іске асыру, индикаторларды орындау. Жастар ұйымдарымен өзара іс-қимыл. Жастар ортасындағы форумдар, фестивальдер және басқа да іс-шараларды ұйымдастырады. Жастардың ҰЕҰ, қызметтердің өнім берушілерінің жобалық қызметін тағдау, қоғамдық тыңдаулар өткізуді ұйымдастыру. Басқарманың бағдарламалары, жоспарлары және басқа құжаттарын әзірлеуге қатысу. Кері байланыс орнату. Әдістемелік жұмыс. ЖОО, жастар ұйымдарымен және жастар көшбасшыларымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру, олардың қызметіне ықпал ету. Облыстың жастарының нысаналы топтарымен жұмыстың ұйымдастырылуын қамтамасыз ету: жұмыс істейтін және ауыл жастары, жұмыспен қамтылған және жұмыссыз жүрген оқушылар мен студенттер, ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарының жастары, жас отбасылар, жеке мүмкіндіктері шектелген жас адамдар, мерзімі аяқталған соң запасқа шығарылған әскери қызметкерлер, жас кәсіпкерлер, шиеленіс аймағы маңындағы жастар. Басқарма құзырына қатысты сұрақтар бойынша аумақтық, облыстық, аудандық басқармалармен және ұйымдармен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Конкурсқа қатысушыларға талаптар: Жоғары гуманитарлық, педагогикалық, мемлекеттік және жергілікті басқару, заңгерлік.

Жұмыс тәжірибесі:

1) мемлекеттік қызмет өтілі екі жылдан кем емес;

2) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

3) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес;

4) жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарламалары бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдік жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтауы;

5) ғылыми дәрежесінің болуы.

Конкурс Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру Қағидалары негізінде өткізіледі (әрі қарай Қағидалар).

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

1) Қағидаларға 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) Қағидаларға 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша 3х4 көлемінде суретімен толтырылған сауалнама;

3) Нотариалды бекітілген білімі туралы құжаттардың көшірмесі;

4) Нотариалды бекітілген, еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

5) Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 23 қарашадағы денсаулық сақтау министрлігінің №907 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2010 жылғы 21 желтоқсандағы №6697 болып тіркелген).

6) Қазақстан Республикасы азаматтығының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) Құжат беру сәтінде жарамды болып, өтетін мәнінен төмен болмайтын нәтижелерімен тесттен өту туралы сертификаты.

Азаматтар жоғарыда санамаланған, құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады. Конкурсқа қатысу үшін құжаттарын электрондық түрде хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар, құжаттардың түпнұсқаларын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күні бұрын кешіктірмей береді.

Көрсетілген құжаттар конкурстың өтетіндігі туралы хабарландырудың соңғы жарияланған сәтінен бастап **10 жұмыс күні ішінде** Қостанай қаласы, Амангелді көш. 93 "Б" мекенжайы бойынша ұсыну қажет. Анықтама телефондары: 8(7142)392145, факс 8(7142)392149, электрондық пошта: umpr@kostanay.gov.kz.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар әңгімелесуді өткізу күні туралы конкурстық комиссияның шешімін қабылдау күнінен **5 жұмыс күні ішінде** конкурстық комиссия хатшысымен мәлімдейді және "Қостанай облысы әкімдігінің жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы" мемлекеттік мекемесінде өтеді.

"Таран ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (Қостанай облысы, Таран ауданы, Таран ауылы, Калинин к-сі, 60, 27 каб., телефоны (871436) 36081-тел/факс, электрондық адрес: taran-org@kostanay.kz) "Б" корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

"Таран ауданы әкімдігінің кәсіпкерлік бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы, санаты Е-Р-1 (1 бірлік), лауазымдық жалақысы қызмет еткен жылдарына байланысты 109 548 теңгеден 147 985 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері:

- бөлім жұмысын басқару;
- баға қалыптасуы талдамасын және кәсіпкерлік субъектілерін дамытуды, тұтынушылар құқықтарын қорғау талаптарының, сауда, қоғамдық тәртіп, қызмет саласындағы ережелер мен тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асыру;

- бизнес жоспарларды құру мәселелері бойынша кәсіпкерлік субъектілеріне әдістемелік және консультативтік көмек көрсету, заңнаманы түсіндіру;

- қоғамдық пікірді зерделеуге қатысу, ауданда экономикалық реформаларды іске асыру мәселелері бойынша әлеуметтік сұраулар мен зерттеулер жүргізу;

- экономикалық қызмет түрлері бойынша негізгі көрсеткіштер мониторингін жүргізу және кәсіпкерліктің дамуының негізгі көрсеткіштеріне талдау жүргізу;

- кәсіпкерлік субъектілерінің инвестициялық жобаларымен жұмыс;
- кредит беретін ұйымдармен, мемлекеттік даму институттарымен, салалық ассоциациялармен өзара іс-әрекет жасау;

- кәсіпкерлік субъектілерін облыс мекемелерінің іс жүзіндегі сыртқы қарыз, гранттар, несие жағдайы туралы, инвестициялық және банк заңдарының инвестициялық ахуалының өзгеруіне қатысты өзгерістер туралы хабарлау;

- аудан әкімдігінің жанындағы кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі комиссияның жұмысын ұйымдастыруға қатысу;

- кәсіпкерлердің сараптама кеңестерімен және қоғамдық ұйымдарымен өзара әрекеттестікте болу;
- инвестициялық жобаларды іске асыру мониторингін жүргізу, "Проект-ный офис" бағдарламасын жүргізу және толтыру.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары білім: экономикалық, заңгерлік.

Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:

- 1) мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;
- 2) жоғары немесе жоғары оқу орындарынан кейінгі білім бағдарла-

малары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы білім беру ұйымдарында мемлекеттік тапсырыс негізінде немесе шетелдің жоғары оқу орындарында Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия бекітетін басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;

- 3) ғылыми дәрежесінің болуы;

- 4) мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда жұмыс өтілі бір жылдан кем емес;

- 5) осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс өтілі төрт жылдан кем емес, оның ішінде басшылық лауазымдарда бір жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының конституциялық заңы, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Әкімшілік рәсімдер туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері Агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;
- 6) Қазақстан Республикасы азамат-

тының жеке куәлігінің көшірмесі; 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландырудың соңғы жарияланған сәтінен бастап **10 жұмыс күні ішінде** кадрлық жұмысы бөліміне тапсырылуы тиіс.

Азаматтар жоғарыда аталған, құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын көшіктірмей береді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар олардың әңгімелесуге жіберілгендігі туралы хабарламаны алған күннен бастап **5 жұмыс күні ішінде** әңгімелесуден өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін көшіктірмей кадрлар бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа да мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасының Парламент және мәслихат депутаттары қатыса алады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

● ҚҰТТЫҚТАУ

Мерейтой-60!

Ұлағатты ұстаз Абай Кәрімұлы 60 жас!

Адам өмірінің ең бір асыл кезі, асқар бөлі – 60 жасқа келіп отырсыз. Бұл жасқа өміріңіз қуатты, көңіліңіз шуақты қалпыңызда жеттіңіз! Осындай қарқыныңыздан қалмаңыз, шабысыңыздан таңбаңыз. Қазақтың Шерханы, Шерағасы алпыс жасты "талтұс" дейді. Олай болса, алпыстың асуынан асып, жетпіске аяқ басқан шағыңызда да көзіңізден от кетпесін, жүрегіңізден жылу кетпесін дей отырып, Елге етер еңбегіңіз, келер ұрпаққа берер тәліміңіз алдағы уақытта жалғасын табады деп сенім білдіреміз.

Өмір жолында еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде еліміздің игілігіне бөленіп, қызметтің ең қызықты да қиын салаларын атқарып отырып абырой-беделіңізді атап өтпей кетуге болмас.

Бұл жылдар сіздің қоғамдық және жемісті еңбегіңіздің нағыз кемеліне келген кезең болды. Туған елге деген сүйіспеншілік арқылы парасатты да рухы биік ізбасарларыңызды тәрбиелеу жолында дарынды ұйымдастырушы қырынан көрініп келесіз.

Қоғам игілігіне бағыттап отырған ерен еңбектеріңіздің еліміздің нығаюына өзіндік үлесі бар. Осынау игілікті істе қанатыңыз талмасын, қажыр-қайратыңыз қашанда арта бергей!

Шаңырағыңызға шаттық, баянды бақыт, зор денсаулық тілей отырып, өмірдің барлық қуанышын қызықтап, Алланың берген жасын жасап, кісілік келбетіңізден танбай, несібе-деулетіңіз арта беруіне ақ тілегімізді білдіреміз!

Игі тілекпен: Аманкелді ауданы,

Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп ұжымы.



Құттықтаймыз!

Әулиекөл ауданында тұратын ардақты анамыз, сүйікті әжеміз **ҚОҢҚАБАЕВА Зигагүл 7** қарашада 73 мүшел жасқа толады. Біз әрқашан Сіздің ыстық шапағатыңыз бен нұрлы көңіліңізді сезінеміз. Шаңырағымыздың ұйтықы болып, алдағы уақытта жүзіңізден күлкі кетпей, балаларыңыз бен немере, шөберелеріңіздің ортасында аман сау жүре беріңіз.

Тілейміз біз таусылмайтын төзімді, Тілейміз біз сарқылмайтын сезімді. Денсаулығың мықты болсын, жан ана, Құттықтайды ұл-қыздарың өзіңді. Өмір-өзен жақсылығын жалғасын, Тіршілікте сәттіліктер қолдасын, Жаныамен мақтанамыз қашанда, Арамызда Сіздей ана болғасын.

Тілек білдіруші: балалары, немерелері, шөбересі



● ЕСКЕ АЛУ

Еске алу

Жан әкеміз, ақылшы атамыз **Мұхамбетуәли Жолшыбайұлының** дүниеден озғанына бір жыл толады. Сөіз баласын тәрбиелеп, өсірген асқар таудай ардақты әкеміз 67 жасында қайтыс болды. Біз әкемізді сағына еске алып, мына өлең жолдарын арнаймыз.

Бір жыл өтті асқар тауым құлағалы, Бір жыл өтті анам іздеп жылағалы. Әр күніміз сағынышпен өткенмен, Жүрегіміз өке деп соғады әлі. Алла салды басымызға сынақты Жақынымыздан айырды да жылатты. Қайғысы мен қызығы көп өмір-ай, Еске алумен көңілдерді жұбатты. Әкеміздің жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

Еске алушылар: жұбайы, балалары, немерелері.



Ағайын-туыс, кекжат-жұрағат, ел ағалары, жолдас-жора, құда-құдағилар, достарға **Мұхамбетуәли Жолшыбайұлының** жылына арналып Рудный қаласында "Қуаныш 3" кафесінде (Топорков көшесінде) 14 қараша күні сағат 12.00-де ас берілетінін хабарлаймыз.

"Таран ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі (Қостанай облысы, Таран ауданы, Таран ауылы, Калинин к-сі, 60, 27 каб., телефоны (871436) 36081-тел/факс, электрондық адрес: taran-org@kostanay.kz) "Б" корпусының бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс жариялайды:

"Таран ауданы әкімдігінің дене тәрбиесі және спорт бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бас маманы (негізгі қызметкердің бала күтіміне байланысты демалыста болуы кезеңіне), санаты Е-Р-4 (1 бірлік), лауазымдық жалақысы қызмет еткен жылдарына байланысты 56 375 теңгеден 76 235 теңгеге дейін.

Функционалдық міндеттері:

- дене тәрбиесі және спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың жүзеге асуы бойынша жұмысты ұйымдастыру;

- дене тәрбиесі мен спортты дамыту бағдарламаларын орындау, аудан аумағы бойынша спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;

- арнайы оқу-спорттық ұйымдарының қызметін үйлестіру және аудан деңгейінде спорт түрлері бойынша жарыстарды өткізу;

- әр түрлі спорт түрлері бойынша ауданның құрама тобын дайындауды және олардың облыстық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді;
- аудан тұрғындарының арасында бұқаралық спорт және ұлттық спорт түрлерін өндіру;

- аудандық спорттық іс-шараларының күнтізбелік жоспарын құрастыру және жүзеге асыру; материалдық спорттық базасының дамуын қамтамасыз ету;

- ағымдағы, бақылау құжаттармен жұмысты жүргізу;

- бөлімнің тауарлық материалдық құндылықтарын есепке алу және бақылауын жүзеге асыру;

- аудан кәсіпорындары мен мекемелерінің еңбек ұжымдарында дене тәрбиесі және спорттың дамуын қамтамасыз ету;

- жеке және заңды тұлғалар өтініштерін тіркеуді жүзеге асыру, олардың мерзімді қарастырылуын бақылау;

- кіріс, шығыс құжаттарын тіркеу және есепке алу;

- кадрлық жұмысты жүргізу.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

Жоғары, ортадан кейінгі білім: педагогикалық (дене тәрбиесі мұғалімі, жаттықтырушы-бапкер).

Жоғары білімі бар болған жағдайда жұмыс тәжірибесі талап етілмейді.

Мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес немесе осы санаттағы нақты лауазымның функционалдық бағытына сәйкес салаларда екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар болған жағдайда ортадан кейінгі білімі барларға рұқсат етіледі.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Мемлекеттік қызмет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі

басқару туралы", "Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы", "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес салалардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, "Қазақстан-2050" Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі. Осы санаттағы лауазымдар бойынша функционалдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет істері Агенттігі төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығымен бекітілген Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссиясын қалыптастыру қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) негізінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;
- 2) 3x4 үлгідегі суретпен осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда толтырылған сауалнама;
- 3) білімі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 4) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасы

ның Нормативтік құқықтық актілердің тізілімінде 2010 жылы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

- 6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;
- 7) құжаттарды тапсыру сәтінде шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат (немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі).

Көрсетілген құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландырудың соңғы жарияланған сәтінен бастап **10 жұмыс күні ішінде** кадрлық жұмысы бөліміне тапсырылуы тиіс.

Азаматтар жоғарыда аталған, құжат тігілетін мұқабада орналастырылған құжаттарды қолма-қол тәртіпте немесе пошта арқылы құжаттарды қабылдау мерзімінде бере алады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта арқылы берген азаматтар құжаттардың түпнұсқасын әңгімелесу басталғанға дейін бір жұмыс күн бұрын көшіктірмей береді.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар олардың әңгімелесуге жіберілгендігі туралы хабарламаны алған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде әңгімелесуден өтеді.

Конкурс комиссиясы жұмысының ашықтылығы мен объективтілігін қамтамасыз ету үшін оның отырысына байқаушыларды қатыстыруға жол беріледі.

Конкурс комиссиясының отырысына байқаушылар ретінде Қазақстан Республикасы Парламентінің

және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттарының, Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте аккредиттелген бұқаралық ақпарат құралдарының, басқа да мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың), коммерциялық ұйымдардың және саяси партиялардың өкілдері, уәкілетті органның қызметкерлері қатыса алады.

Байқаушы ретінде конкурс комиссиясының отырысына қатысу үшін тұлғалар әңгімелесу басталуына бір жұмыс күні қалғанға дейін көшіктірмей кадрлар бөлімінде тіркеледі. Тіркелу үшін тұлғалар жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін, ұйымдарға тиесілілігін растайтын құжаттардың түпнұсқасын немесе көшірмелерін ұсынады.

Сарапшы ретінде конкурс жариялаған мемлекеттік органның қызметкері болып табылмайтын, бос лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда жұмыс тәжірибесі бар тұлғалар, сондай-ақ персоналды іріктеу және жоғарылату бойынша мамандар, басқа да мемлекеттік органдардың мемлекеттік қызметшілері, Қазақстан Республикасының Парламент және мәслихат депутаттары қатыса алады.

Азаматтар конкурсқа қатысу шығындарын (әңгімелесу өтетін жерге келу және қайту, тұратын жер жалдау, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

● ТЕАТР



баласы үйіне мүгедек болып оралады. Оралғаннан кейін отбасында түсініспеушілік орын алады. Шын бақыт бұл: махаббат, мейірімділік, сыйластық. Адамдардың арақатынасында осындай игі қасиеттер болса

Р.Отарбаевтың "Махамбеттің басы" деп аталатын пьесасымен жұмыс жасауды қолға алдық. Бұл — мистикалық драма. Ата-бабаларымыздың бізді қорғағанын мәңгілік есте сақтау үшін қойылатын дүние деп отырмын.

ұтқанымыз.

Онан қалды, бұл театр жасөспірімдер театры болғаннан кейін балалар жайлы көптеген қойылымдар болады. Қазақ театрының бағаждары бар. Оны толықтыру үшін

әртістердің бағын ашып, олардың ойлаған мақсаттарындағы ролдерді беріп, көрерменнің алдында ыстық ықыласқа бөлене берсін деген оймен істі бастап жатырмыз.

Өнер академиясын бітіргеннен кейін театр, теледидар, кино саласында жұмыс жасадым. Режиссерлардың өмірі қызық. Әр театрдың өз ерекшеліктері болады. Жаңа жерде жаңа жұмыс бастағым келді. Бұр жерде айта-тын ойыңды шынайы жеткізуге зор мүмкіндік туады деп ойлаймын, — дейді Ибрагим Жақсылықұлы ағынан ақтарылып.

Лайым, төл өнеріміз өрісті бола бергей!

Арқалық қаласы.

СУРЕТТЕРДЕ: И. Ниязбеков, театрдың бас режиссеры; спектакльден көрініс.

Суреттерді түсірген автор.

Ибрагим НИЯЗБЕКОВ,
Арқалық қазақ жасөспірімдер театрының
бас режиссеры:

**ӘР ТЕАТРДЫҢ
өз ерекшелігі болады"**

11-бет — Театр одағының нұсқауы, осы театрдың директоры Зекен Қайдауыловтың шақыруы бойынша келдім. Бұл жерде бәрі дұрыс жолға қойылған. Жалындап тұрған жастардың ортасы. Ұжым жақсы, ауызбіршіліктері мол.

"Бес бойдаққа бір той", "Қос мұңлық" және балалар қойылымдарымен Ақтөбе, Жезқазған қалаларына барып қайттық. Ол жерлерде де халықтың ықыласы мол болды. Әртістеріміз рухтанып, жігерленіп, ерекше бір құлшыныспен орады.

Биылғы театр маусымы Ш.Орынбайдың "Тозаңды терезе" спектаклімен ашылды. Режиссеры Ф.Арынов. Бұл — кішігірім мелодрама. Ауғанстанда болған жауынгерлерімізге арнап отырмыз. Соғыста болған қазақтың

мүгедек болсын, қарт болсын тіршіліктері нұрлана түседі.

Алдағы уақытта театрдың мүмкіншілігін кеңінен көрсету үшін бір жақсы дүниемен бастағым келеді. Болашақта мақсаттан дүниелеріміз көп.

Қазір "Қазақ хандығының 550 жылдығына" тоқталудамыз. Елбасымыз алға "100 нақты қадам — Ұлт жоспарын" қойып отыр. Үкіметтің берген ұсыныстарын біз орындауға міндеттіміз. Біздің бір қойылымның өзі үлкен тәрбие деп ойлаймын.

Қазақтың тәуелсіздігі үшін күрес бастаған көтеріліс батыры М.Өтемісұлының образын ашпақ ниеттеміз. Осы мақсатта:

Жәңгір ханның рухтары сомдалады. Жалпы, ой беретін дүниелер өте көп.

Бұдан кейін, бұл жер Торғай өңірі болғаннан соң мен бар күш-жігерімді салып Аманкелді батыр жайлы дүниені бастайын деп отырмын. Бұл енді өзімнің идеям. Өзім Оңтүстік Қазақстан облысының тумасымын. Торғай өңірінің топырағына аяқ басқанда айрықша сезімде болдым. Аманкелді, Кейкі батырлардың ерліктерімен таныспын. Батырдың ұлттық, азаматтық-патриоттық сезіммен байланысты ойларын, мақсатын жеткізім келеді. Ата-бабаларымыздың кім екенін көрсете білсек, біздің бәріміздің



**Арнайы сыйлыққа
ие болды**

Шымкент қаласында ішкі істер органдары қызметкерлерінің арасында өткен республикалық "Парасатты полицей" байқауына ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының "Қабылбаев ұрпақтары" командасы қатысып келді. Байқауға Алматы мен Астана қалалары және ішкі істер министрлігінің ведомстволық жоғары оқу орындары қызметкерлерінен іріктелген 20 команда қатысты.

Байқаудың мақсаты мен міндеті — мемлекеттік тіл саясатын кеңінен насихаттау, тәртіп сақшыларының бойында Отанға деген сүйіспеншілікті дамыту, полиция қызметкерлерінің қоғамдағы оң имиджін қалыптастыру, ішкі істер органдары қызметкерлерінің мемлекеттік тілге деген құрметін және құқықтық мәдениетін, ізгілік пен парасаттылық рухын арттыру.

Білімдері мен біліктілігін көрсете білген "Қабылбаев ұрпақтары" командасы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Бауыржан Момышұлы атындағы оқу орталығының (Шымкент қ.) арнайы сыйлығымен марапатталды. Шымкент қаласынан сыйлықпен оралған Академия командасын қабылдаған Академия бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызылов команда мүшелеріне алғысын айтып, алдағы жылы өтетін республикалық конкурста жоспарлы түрде дайындық жүргізуді тапсырды.

Құрбанәлі ЕЛМҰРАТОВ,
ҚР ІІМ Ш.Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы
мемлекеттік тіл бөлімшесінің
басшысы.

СУРЕТТЕ: "Қабылбаев ұрпақтары" командасы.

● ТАНЫМ

**Еуропаның түп-тамыры
Торғайда ма?**


**Кенже
ҚОНЫСБАЙ**

Тағы да бүкіл әлемнің назары қазақ даласына ауды. Бұл жолы жаһанның қызығушылығын тудырған дүние Торғай өлкесінен табылған тылсым өрнектер болып отыр.

Таяуда АҚШ-тың НАСА ғарыш агенттігі жерге ойылып салынған аталған геометриялық денелердің фотосуреттерін жариялады.

Өрнектерді алғаш рет 2007 жылы Қостанай тұрғыны Дмитрий Дей кездейсоқ тауып алған еді. Ол пирамидалар туралы фильм көріп, "Google Earth" бағдарламасы арқылы өз қаласының маңынан сондай тарихи жәдігерлерді іздеген. Нәтижесінде, Торғай даласындағы түсініксіз суреттердің үстінен түсті.

Бүгінде "Turgay Discovery" жобасының жетекшісі Д.Дей осы салаға біржола бет бұрған. Оның айтуынша, қазірге дейін 260 геоглиф табылған екен. Олардың арасында темір дәуіріне және ғұн-сармат кезеңіне тиесілі өрнектер де бар. Ал ең ежелгілері болып саналатын алып шаршы мен айқыш осыдан 8 мың жыл бұрын пайда болған. Сонымен қатар, ол 14 мың жыл бұрын сол кездегі



аңшылар Америкаға Оңтүстік Сібір арқылы кеткенін назарға алды. Соған орай ол геоглиф дәстүрінің бір тармағы Торғай даласымен тығыз байланысты деп санайды.

Осыдан 7-8 мың жыл бұрын болған табиғат апатынан Торғай жазығын Аралдың тұзды суы басып қалған. Дәл осы кезеңде Азия мен Балқан түбегінде Күнге табыну мәдениеті бастау алғаны белгілі. Кейін ол Мысыр арқылы бүкіл Еуропаға тарады. Генетик мамандардың пайымдауынша, бүгінгі R1b гаплогруппы сол кезде пайда болған. Бұл ген қазіргі Батыс Еуропа халықтарының 60 пайызына тән. Тіпті,

Ирландия, Шотландия және Уэльс сынды елдердің тұрғындарында 90 пайызға дейін кездеседі. Тутанхамон перғауын мен Ұлыбританияның король отбасы да осы топтың өкілдері екендігі айтылып жүр. Бұл Дмитрий Дей ғалымның болжамы. Егер шындыққа жанасса, еуропалық өркениеттің түп-тамыры қазақ даласында жатыр деуге болады.

Қазіргі таңда Торғайдағы



тылсым өрнектер — әлемнің көптеген ірі оқу орындарында жиі талқыланатын тақырыптардың бірі. Бірнеше футбол алаңының аумағын алып жатқан геоглифтер ор, қорған және дуалдар кешенінен құралған. Кейбір зерттеушілер оларды Күннің қозғалысын тәулік бойы бақылау үшін салынған деп жорамалдап отыр.

БАҚ ДЕГЕНІМІЗ – БАҒДАРШАМ



"Қостанай таңы" — сенің газетің

Оған 2016 жылға жазылу басталды

● ОҚЫРМАН СӨЗІ

Астанада тұрсам да газетіңе қол үзбедім



Қаймақкөл ауылының тұрғыны Әлия Ержанова әжеміз қасиетті Мекке Мәдинаға барып, бес парыздың бірін орындап келген екен. Келген бойда қуанышты жаңалығымен сүйікті басылымы "Қостанай таңы" газетімен бөліспек болып, баласын ертіп редакция талбырғын аттапты.

— Газетті 50 жылға жуық оқып келемін. Бірақ осы газет шығатын жерді алғаш көріп отырмын. Сонау қасиетті мекенге барғанымда неге қазақ газетіне бармаймын деп, бүгін міне сіздерге келіп отырмын, — дейді ақ жаулық салған анамыз жымылып. — Бірінші Алла деніме қуат беріп, үлкен парызды орындап келдім. Оның алдында намазға жығылған едім. Әуелі Умра қажылықтан, одан үлкен қажылықтан өттік. Қажы атандық. Ұзақ жолға қызым Жұпар жетектеп апарған еді. Бұл сапар қай қазаққа болмасын маңызды ғой. Үлкен кісілер денсаулық жарай ма, жоқ па деп іштей толқимыз. Бірақ Жаратқанға шүкір, денсаулығым сыр

Қасиетті мекен

Мекке ғажап жер екен, Көркі көз тартатын ел екен. Күмбезі күнмен жарқырап, Мұнарасы көкке самғап. Қағбаның тұрағы,

бермеді. Балаларымның арқасы ғой. Қартайғанда он баланы өсірген еңбегім қайтып, әрбірінің қызығын көріп жатырмын. Ал, "Қостанай таңы" — өмірлік серігім. Әлі күнге әрбір санын жібермей оқып отырамын. Тек бір жыл болды, Астанада тұрып жатқаным. Осындағы балалар келген сайын жинап алып келіп отырады. Елден хабар жеткенде рахаттана, әр бетін құр жібермей оқып шығамын. Енді балаларыма "Қостанай таңын" Астана қаласына жаздырып алыңдар деп отырмын. Сүйікті газетімнен қол үзгім келмейді, — дейді Әлия қажы әжеміз.

Редакцияға келген әжеміз құр келмепті. Қолында шығарған жыр жолдары да бар екен. Өзі мақала жазып, өлең шумақтарын аздап болса да қағаз бетіне түсіргенді ұнатады. "Қасиетті мекенді көргенде таңдай қақпайтын жан жоқ шығар. Мен де сезімді қағазға түсіріп сіздерге әкелдім" дейді әжеміз.

Өз алдына бір мекен. Жағалай таудың ортасы, Ақ тіреуіш, кең дүние. Құдіреті күшті керемет, Алладан тілейік, Аман-есен жүрейік.

● СЫР

Өміріме жол ашқан — "Қостанай таңы"

"Қостанай таңы" — ең сүйікті, ең қымбат, ең асыл басылымым. Біріншіден, ол менің кіндік қаным тамған жерім, атамекенімнің төл газеті. Оның бір ғана атауының өзі қымбат. Екіншіден, бұл менің өмірімнің қай арнаға бұрылатындығын анықтап беріп, сара жолға салған, тек мен үшін ғана емес, барлық қостанайлықтар арасында үлкен мәртебеге ие басылым. Сол себепті де, "Қостанай таңы" десе ет жүрегім елжіреп, көңілім елең ете қалатыны рас.

Алдымен, әңгімені әлқиссадан бастайын. Мен Наурызым ауданындағы Жамбыл орта мектебінің 2013 жылғы түлегімін. Мектеп қабырғасында жүргенімде, әрдайым аудандық, облыстық газет беттеріне өлеңдерімді, мақалаларымды жариялап тұратынмын. Олардың ешқайсысы да "сен оқушысың-ау, сенің жазған-сызғаныңды жарияламаймыз" деген емес. Редакция қанша мәрте мақалаларымды жіберсем, сонша рет басылым бетіне беруден жалыққан жоқ.

Әсіресе, "Қостанай таңы" газетінің қосымшасы "Жастар.kz"-ке алғысым шексіз. Айына бір рет жарық көретін жас буын өкілдеріне арналған бұл қосымша шалғай ауылдардағы талай жеткіншектердің кеудесіне үміт отын жақты. Олардан келген әрбір хатқа үңіліп, баспасөз бетіне жариялап, болашақтарына бағыт-бағдар бергені де жасырын емес. Қазір, есептеп отырсам бір жылдың ішінде өзімнің онға жуық материалым жарық көрген екен.

Жастардың баспасөз беттеріне жіберген шығармаларынан жалын байқап, ұшқын көрген журналистер болмаса, алыс ауылдағы жас талант кімге керек?! Ауданға, облысқа атын шығарып, талабын көрсете білген газет ұжымына әр жастың айтар алғысы зор шығар.

Сол кездерде, басылым беттеріне үлкен-үлкен материалдары жарық көретін журналист аға-апаларымды көріп, мен де солар сияқты болуды армандайтын едім. Ақыры, сол арман жетегімен алып-ұшып Елордаға келдім. Қазіргі таңда, мен Астана қаласындағы белді де беделді жоғары оқу орны Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің журналистика мамандығының мемлекеттік грант иегері, 3-курс студентімін. Оқуға түсу үшін шығармашылық емтихан тапсырғанымда, аудандық, облыстық басылым беттеріне жарияланған материалдарымның көмегі көп болды. Бұл жерге өз өңірінің жұлдызы болып келген кеу-



десінде отыр бар талай жастар білім алуда. Бірі облыстық, енді бірі республикалық газеттен танымал болып, аты шыққан небір болашақ журналистер оқып жатыр мұнда. Сол сияқты мені төбесіне көтеріп, даңқымды шығарған, атымды облысқа танытқан менің сүйікті газетім "Қостанай таңына" шексіз ризамын. Бүгінгі күні Елордада да бірнеше республикалық газеттерге жазып, қаламақы алып тұрамын. Бұл да болса әу баста сүйікті басылымымның қалап берген бастамасының септігі деп білемін.

Қорыта келе, бір-ақ нәрсе айтқым келеді. Шығармашылық ұшқынын байқап, қаламын ұштайтын, даңқын көтеретін, болашағына түзу жолды нұсқайтын "Қостанай таңындай" басылымы барда, қостанайлық жастар қашан да биіктерден көрінетіні анық. Соның дәлелі, көріп отырғандарыңыздай — мына менің өзім десем, артық айтпағаным. Алар асулар, шығар биіктер, өрине, әлі алда. Мен болдым, толдым демеймін. Тек мені сол биіктің биігіне жетуге жақындатқан, өмірімнің гүл бағына жол ашқан газетіме айтар алғысым зор. Жасай бер, "Қостанай таңы"!!!!

Айгүл ӨЗЕKOBA,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 3-курс студенті.
Астана.

Бетті дайындаған Айтолқын АЙҚАДАМОВА

Меншік иесі:

"Қостанай таңы" газеті
редакциясы" ЖШС

Директор-Бас редактор
Жанұзақ
АЯЗБЕКОВ

Директор-бас редактордың қабылдау
бөлмесі: 54-12-66, факс: 54-99-69

Директор-бас редактордың
орынбасарлары: 54-84-44, 54-67-65
Жауапты хатшы: 54-33-22
Бөлім редакторы: 54-79-68, 54-28-42

Бөлімдер:

Қоғамдық-саяси, экономика: 54-79-36
Әлеумет, білім, мәдениет: 54-26-42
Социологиялық зерттеу орталығы:
54-53-21, 39-26-25
Жарнама бергіңіз келсе: 39-26-88



Бухгалтерия:
54-99-88, 39-26-88
Компьютер орталығы:
54-54-45
Корректур: 54-34-49

Меншікті тілшілер:

Арқалықта: 7-55-91
Аманкелдіде: 2-17-40
Жанкелдіде: 2-10-75, 5-00-02
Рудныйда: 5-57-60
Сарыкөлде: 2-25-17

Редакцияның мекенжайы:
110000, Қостанай қаласы,
Әл-Фараби даңғылы, 90

Газетте жарық көрген оқырман пікірі редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды. "Қостанай таңында" жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауап береді.

(А) — ақылы жарияланым.

Газет аптасына үш рет шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде 30.05.2012 жылы тіркеліп, № 12790-Г куәлігі берілген. Газет "Қостанай таңының" компьютер орталығында теріліп, беттелді. Офсеттік басылым. "Қостанайский Дом печати" ЖШС баспаханасы. Мекенжайы: Майлин көшесі, 2/3. Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 10470.

Тапсырыс 1678.

Нөмірдің кезекші редакторлары: Қарлығаш ОСПАНОВА, Гүлназым САФИТОВА.